



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## УКРАИНАДА ӘСКЕРИ ЖАҒДАЙ ЖАРИЯЛАНДЫ



Украина Президенті Владимир Зеленский Ресейдің арнайы әскери операциясы басталғаннан кейін халқына бейнеүндеу жолдап, бүкіл елде әскери жағдай жарияланғанын мәлімдеді. Осы оқиғаларға байланысты Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі қазақстандықтарды Украинадан эвакуациялауды қамтамасыз ететінін хабарлады. Сондай-ақ, Қазақстан азаматтары Киев қаласы, Ильенко көшесі, 26 үй мекенжайы бойынша және +38 (067) 347 04 08 (WhatsApp, Viber), +38 (044) 483 15 96, +38 (044) 489 18 58 телефондары мен жел желілер арқылы елшілікке хабарласа алатынын айтты.

Газеттің кезекті саны дайындалып жатқан уақытта осы

мәселелерге байланысты ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың баспасөз хатшысы Берік Уәлидің 24 ақпан кешкі 20:30-да Qazaqstan ұлттық телеарнасына арнайы сұхбат беретіні мәлім болды. Ол Қазақстанның Ресей-Украина қақтығысындағы ұстанымы қандай болатынын, сондай-ақ, қаңтар оқиғасына қатысты көпшіліктің көңіліндегі сауалдарға жауап беретінін хабарлады. Біз газеттің алдағы номерлерінде бұл мәселелерге қайта ораламыз. Әлемдегі және елдегі саяси ахуалдар журналистердің назарында.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



ЖЕТІСУДА ЖЕТІСТІКТЕР КӨП

3-бет



«БІЗДІҢ МІНДЕТ –  
ИММУНОЛОГИЯЛЫҚ  
ҚАУІПСІЗДІКТІ  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»

6-бет



АДАСҚАН ОҚ

8-бет

САРАП

## МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ҚАҒИДАЛАРЫ ҚАНДАЙ?

Тәуелсіздік жылдары қазақстандық сот төрелігі заң үстемдігін қамтамасыз етудің және қоғамдағы тұрақтылықтың сенімді кепілі болды. Азаматтардың құқығын сот арқылы қорғау деңгейі халықаралық озық стандарттарға барынша жақын бола түсті. Әсіресе, сот жүйесінде бизнес субъектілерінің, инвесторлардың құқығын қорғау және олардың тиімді қызмет атқаруына оңтайлы жағдай жасау ерекше назарға алынды. Елде сот ісін жүргізуді жеңілдету, сот төрелігіне қолжетімділікті кеңейту және кәсіпкерлікті қолдау үшін барынша жағымды жағдай жасауға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Азаматтық процестік заңнамалар кәсіпкерлік үшін қолайлы жағдайларды жақсартуға бағытталған жаңашылдықтармен толықтырылуда.

Бүгінде экономикалық соттарда кәсіпкерлер арасында мемлекеттік сатып алуға байланысты істердің көпшілігі қызметтерді, тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарттан туындайтын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушыларға қатысты қаралуда. Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануына қатысты ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы бар. Ол мемлекеттік сатып алу туралы дауларды қарау кезінде сот тәжірибесінде туындаған мәселелерге байла-

нысты заңнаманы дұрыс әрі біркелкі қолдану мүмкіндігін қарастырады.

Азаматтық кодекстің 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады. Тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою-

мен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай шарттарды:

- 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;
- 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау;
- 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

Сотта Азаматтық процестік кодекске сай, әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс. Сотта өнім берушінің кінәсі азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негіздемесі және тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдар ретінде назарға алынуы қажет.

(Соңы 5-бетте)

БАЗЫНА

## УТИЛЬАЛЫМ – БЕЛГІЛІ БІР ДЕҢГЕЙДЕГІ МАХИНАЦИЯ!

Тек былтырғы жылдың 8 айының өзінде Қазақстанда жол-көлік апаттарынан 1 258 адам өліп, 10 947 адам жарақаттанған. Осы апат болғандардың елеулі бір бөлігі көліктерінің ескілігінен апатқа түскені ақиқат. Енді кішкене ойланайық. Егер көлік бағасы әлемнің басқа елдеріндегідей қолжетімді болса кім жана көлік мінгісі келмейді? Кім басын қатерге тігіп ескі-құсқымен жолға шығады? Ал, бізде көлікті қол жетпейтіндей қымбат етіп отырғандар кімдер? Опат болғандардың қаны кімнің мойнында?

Ең бірінші, мемлекет экологияны ойлағандықтан утильалымды енгізіп отырған жоқ (экологияны ойласа басқа маңыздырақ тірлік жетеді, мысалға алдымен елді газдандырсын, тұрмыстық коқысты өңдесін және т. б.).

(Соңы 3-бетте)

ОҢ ҚАДАМ



## ОРТАҚ ШЕШІМГЕ КЕЛУ ҰТЫМДЫ

Қазақтың дала заңдарының қайқайсысы да жапа шегуші мен құқық бұзушыны татуластырып барып, жазалауды қарастыруымен ерекшеленеді. Жауапты анықтау, жазаны белгілеу – ел ішінде беделді, көпке сөзі өтімді, көргені көп билердің құзырында болған. Бұл да жоғары мәдениетті көрсетеді.

Қазақ билері дауды шешуде ең алдымен, бітімгершілік қағидасын, әділдік принципін ұстанған. Содан болар, шиеленісті, тартысты дауларда екі жақтың бірдей риза боп, мәмілемен біткен мысалдарын жиі кездестіреміз. Қазақ даласындағы құқықтық ережелердің тарихы тереңде. Оның негізі бүгінгі тәуелсіз сот жүйесінде де жалғасып жатыр. Заңдар әлдеқайда кеңейген, көлемі артқан, қоғамның барлық саласы қамтылған. Оны басшылыққа алатын судьялар да өздерін дамытумен, машықтанумен, тәжірибе алмасумен білім мен білігін жетілдіріп отырады. Қазіргі заман билері, яғни бүгінгі заманның судьялары істерді заң шеңберінде, тез қарап, тараптарды бітімге келтіріп, әділ шешім шығарып, заң үстемдігін орнатуды басты мақсат етіп қойды.

Тәуелсіз сот жүйесінде бітімгершілік рәсімін қолдану кеңейтілгенін, ал қылмыстық істер бойынша соңғы кездері жаза тағайындау саясаты ізгілендіріліп, қомақты құн төлеуге бағытталып отырғанын айта кету керек. Бітімгершілік рәсімін қылмыстық процесте қолданудың өз тәртібі бар. Қылмыстық кодекстің 68-бабы татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатуды көздейді. Қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстық істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізуде келтірілген зиянның орны толтырылса, сотталушы мен жәбірленуші келісімге келсе, құқық бұзушы қылмыстық жауаптылықтан босатылады. Заң аясында медиацияны қолданудың ережелері адам өлімімен, сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік қылмыстар жасаған адамдарға қолданылмайды.

Істі басты сот талқылауында қарау кезінде сот тараптарға заңмен бекітілген 68-бап талаптарын түсіндіреді, медиативтік келісімге келуге ешкімді мәжбүрлемейді. Тек ортақ шешімге келудің жолын көрсетеді. Медиативтік келісімді істі алдын ала тергеп-тексеру кезінде де, басты сот талқылауында жүргізуге болады. Медиацияны толық қолдану сот қызметінің жұмысын оңтайландырып, жұмыс жүктемесін анағұрлым азайтуға қолайлы мүмкіндік туғызады. Медиация рәсімін енгізу мен қолдану қоғамдық қарым-қатынас мәдениетін де арттырады.

Қазақстан Республикасындағы сот жүйесінің дамуы қазіргі таңда күн санап қарқын алып келеді. Дала заңдары негізінде қалыптасқан отандық сот жүйесі бүгінде әлемдік стандарттарға толық сай келетінін, барлық халықаралық талаптарға жауап бере алатынын көріп отырмыз. Азаматтар қылмыстық істерде де бітімге келудің тиімді екенін сезінуде. Бұл дауды өркендетті түрде шешудің ежелден келе жатқан, әрі ғасырлар бойы талайды мойындатқан ең оңтайлы әдіс екені анық.

Гүлмаржан ӘДІЛСҰЛТАНИ,  
Ақтау қалалық сотының судьясы

БІЛГЕН ЖӨН

## НЕКЕНІ БҰЗУ ТУРАЛЫ ТАЛАП ҚОЮ ТӘРТІБІ

2021 жылдың 20 желтоқсан күні «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру, дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданды. Соған орай бірнеше заңнамаға өзгеріс енгізілді. Оның ішінде «Неке және отбасы туралы» кодекс те бар.

Жаңа өзгеріске орай, некені бұзу туралы талап қою Азаматтық процестік кодекстің 148-бабының талабына сай болуы тиіс. Яғни, талап қоюда: неке қашан және қайда тіркелді; ортақ балалар бар ма, болса олардың жасы; неке қарым-қатынасы қай уақыттан бастап тоқтатылды; некені бұзуға өзара келісім болмаған кезде оны бұзу себептері көрсетілуі керек. Сондай-ақ, ерлі-зайыптылар кәмелетке толмаған ортақ балалардың тұратын жерін анықтап; балаларды және еңбекке жарамсыз жұбайын күтіп-бағуға қаражат төлеу тәртібін, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы; некеге дейінгі тегін немесе жұбайының тегін қалдыру жайын; некені бұзу туралы талаппен бір мезгілде қаралуы мүмкін басқа да талаптарды; бірлескен меншік болып табылатын мүлкікті бөлу туралы даудың бар-жоғын анықтап алуы қажет.

Ортақ мүлкікті бөлу бойынша дау болған кезде қандай мүлкік бірлесіп сатып алынғанын, ақшалай құнын көрсету қажет. Талаппен бірге неке кию (ерлі-зайыпты болу) туралы куәліктің түпнұсқасы, балалардың туу туралы куәліктері, тараптардың жеке куәліктерінің көшірмесі, кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға байланысты алимент алу туралы сот бұйрығының немесе нотариат куәландырылған келісімнің көшірмесі, ерлі-зайыптылардың табысы және өзге де табыс көзі туралы құжаттар, мемлекеттік бажды төлеу туралы түбіртектердің түпнұсқасы, ортақ меншік болып табылатын мүлкіктің құнын бағалау туралы есеп бірге ұсынылуы керек.

Некені бұзу туралы талап қою бойынша мемлекеттік баж жергілікті бюджетке айлық есептік көрсеткіштің 0,3% мөлшерінде төленеді. Мүлкікті бөлу туралы талап бойынша талап сомасының 1% мөлшерінде төленуі тиіс.

Кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ немесе ортақ балалары кәмелет жасына толған, сондай-ақ, мүлкікті және өзге дауы жоқ, неке бұзуға қарсылық білдірмеген тараптардың талабы тараптардың тұрғылықты жері бойынша хал актілерін тіркеу органында жүргізіледі.

Егер жауапкердің талап қоюшының талабы бойынша некені бұзуға келмей, жалтарғаны белгілі болса талапкер талаппен сотқа жүгіне алады. Ендігі жерде соттар неке бұзу дауларына қатысты ортақ мүлкікті бөлу, балалардың тұрғылықты жерін анықтау, алимент өндіру секілді барлық мәселелерді процесті жүргізу барысында қарайды. Егер тараптардың арасында алимент бойынша немесе ортақ мүлкікті бөлу бойынша мәселелер болмаған жағдайда, олар келісім құжатын жасақтау қажет. Заңға енгізілген өзгерістер азаматтардың уақытын үнемдеуге, сот жұмысын жеңілдетуге бағытталған.

Е.БЕГЕНОВ,  
Түпқараған аудандық сотының төрағасы  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

КӨЗҚАРАС

## КӨП ТІЛ БІЛУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Көптілді және көпмәдениетті қоғам университет түлектеріне тың талаптар қояды. Қазіргі уақытта шет тілі түрлі салаларда қызмет атқарып жүрген мамандардың кәсіби қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге ғылымның, техника мен технологияның белгілі бір «басым» салаларын дамыту құралына айналды.

Өмір қарқынының үдеуі мен білімнің тереңдеуі, жаһандық және ұлттық мүдделер мен материалдық және рухани құндылықтар арасындағы алшақтықтың артуы білім беруді дамытудың, жас ұрпақты постиндустриалды өмірге дайындаудың жаңа басымдығын туғызды. Білім беруді дамытудың заманауи стратегиясы әлеуметтік-экономикалық, ғылыми және мәдени салаларда болып жатқан интеграциялық үдерістерді қоса қамтуға негізделген, бұл әлеуметтік және кәсіби салаларда мәдениетаралық қарым-қатынастарға бейімделген, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды қажет етеді. Осыған байланысты студенттердің кәсіби және тұлғалық дамуын, мәдениетаралық және лингвистикалық қарым-қатынас саласына қажетті құзыреттілік деңгейін қалыптастыру міндеті ерекше өзекті.

Дүниежүзілік қоғамдастықпен интеграция шет тілінің рөлін жаңаша саралауды көздейді. Бұл «тілдерді үйрену» феномені туралы түсініктің тереңдеуін қажет етеді. Осы тұрғыда Алматы менеджмент университетінде негізгі пәндермен қатар бірнеше тілді оқыту ерекше басымдыққа ие. Бүгінгі күні AlmaU студенттеріне ана тілімен қатар бірнеше шет тілін білу жетекші кәсіби талаптардың біріне айналды. Осыған байланысты, тілдік міндет-

терді шешу мақсатында университетте 2017 жылы Тілдер орталығы құрылды. Орталықта 28 ғалым-ұстаз жұмыс істейді. Олардың көпшілігі отандық, шетелдік тағылымдамадан өткен.

Бұл орталықта тілдік пәндер бойынша сабақ берумен қатар тіл дағдыларының қалыптасу деңгейін тестілеу, зерттеу, мәдени-тәрбиелік жұмыстар атқарылады. Онда қызмет атқаратын оқытушылар қазақ, орыс, ағылшын, француз, испан және қытай тілдерінен сабақ береді. Студенттер тек тіл үйреніп қоймай, сол тілдің өз мамандықтарына сай терминдерін, іскери стиль ерекшеліктерін қоса меңгереді.

Сонымен қатар, студенттер «Ұлытау» білімдік-танымдық тәжірибесінен өтеді. «Ұлытау» білімдік-танымдық тәжірибесі – жазғы семестр ішінде арнайы жасақталған этнолагерьде өтетін тілдік бағдарлама. Бағдарлама аясында студенттер «Ұлттық тіл», «Ұлттық дәстүр», «Ұлттық тағам», «Ұлттық мерекелер» бағдарламалары бойынша теориялық және тәжірибелік білім алады. Қарапайым тілмен айтқанда, студент «Ұлттық тағам» бағытын таңдайтын болса, сүт тағамдарының жасалу жолы туралы зерттеу жүргізіп, тәжірибе жүзінде сиыр сауу, сүтті ашыту, құрт қайнату, оны кептіру жұмысын жасап көрсетеді.

Мұнда студенттер ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің бастапқы дағдыларын меңгере отырып, қазақ ұлтының тілі, салт-дәстүрі, ұлттық тағамдарымен жете танысады. Танысып қоймай, ұлттық тағамдарды өз қолымен жасап көреді. Бұл бағдарламаға тек шетелдік студенттер ғана

қызығушылық танытпайды, қалада өскен қазақ балалары да зор ықыласпен қатысады. Әрине, қазіргі уақытта этнолагерь жұмысы елдегі карантинге байланысты өткізу формасын өзгерткен. Оқу формасы толықтай дәстүрлі қалыпқа көшкен кезде этнолагерь өз жұмысын ары қарай жалғастыратыны анық.

Сонымен бірге, арнайы құрылған «Француз тілі» және «Ағылшын тілі» клубтары жұмыс атқарады. Қытай, испан тілдерін тереңірек игеру үшін кітап оқу клубы ұйымдастырылған. Шет тілдерін тереңірек игергісі келетін студенттер үшін академиялық ұтқырлық бағдарламасы жұмыс істейді.

Биылғы оқу жылында орталықты басқаруға Нұркен Абайұлы шақырылды. Нұркен Абайұлы – аудармашы, бірнеше тілді еркін меңгерген маман. Қазақ-ағылшын тілінің салыстырмалы грамматикасы, аударма мәселелері бойынша ғылыми зерттеумен айналысады. Тіл орталығына білімді, білікті, жас басшының жұмысқа жаңа леп, жаңа қарқын әкелетіні айқын. Қызметтің алғашқы айларынан-ақ жаңа бағдарламалардың пайда болуы орталық жұмысының жандана бастағанын көрсетеді.

Университетте білім алып жатқан студенттердің заң, халықаралық қатынас, әлемдік экономика салаларының болашақ мамандары екенін ескерсек, тілдік құзыреттіліктің мұндай деңгейде оқытылуы олардың бәсекеге қабілетті болатынының айқын айғағы болмақ.

Шолпан САҒАТОВА,  
AlmaU Тілдер орталығының аға оқытушысы

АКЦИЯ

## КӨЛІКТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

Құқық бұзушылықты ескерту, жолын кесу маңызды. Әсіресе, қоғамдық орындарда ортақ тәртіпті сақтау бұлжымас міндет. Осыған орай «Алматы 1» станциясында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында тиісті шаралар тұрақты қолға алынуда. Жақында Желілік полиция басқармасының мұрындық болуымен өткен «Көліктегі қауіпсіздік» акциясы сол ауқымды шараның бір парасы.



«Алматы 1» станциясы ЖІПБ баспасөз қызметі

«Алматы 1» станциясы аумағында өткен акция барысында әкімшілік құқықбұзушылық бойынша 59 факті анықталды. Қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдік ішу бойынша 6 факті тіркеліп, ұсақ бұзақылық фактісі бойынша 2, теміржолдың белгіленбеген жерінен өткен 45 азамат анықталды. Сондай-ақ, теміржолдың жолағында мал жаю бойынша 6 факті тіркелді.

Іс-шараны өткізу кезінде басқарма қызметкерлері теміржол торабына жақын орналасқан оқу орындарына барып, кәмелетке толмағандардың сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін жалғыз жүру фактілері, теміржол көлігіне қатысты жасөспірімдер вандализмі, оқушылардың теміржолдың белгіленбеген жерінен өту фактілері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мұндай түсіндіру жұмыстары теміржол бекеттеріне жақын орналасқан елді мекен тұрғындары арасында да жүргізілді.

ҮКІМ

## АҚША НЕ ІСТЕТПЕЙДІ?

Ақтөбе қаласының №2 сотында 29 жастағы қала тұрғынына қатысты қылмыстық іс қаралды. Сот материалдарына қарағанда, келіншек «KaztransOil» АҚ Күлсары мұнай құбыры басқармасында зертханашы болып жұмыс істеген. Әйел жүктілікті ойдан құрастырып, жұмыс берушіден жеңіл қызметке ауыстыруды сұраған. Тіпті, жалған құжат арқылы дәрігерлерді алдап, декреттік демалысқа шыққан. Медицина қызметкерлеріне түрлі сылтау айтып, есепке де кеш тұрған болып шықты. Онай жолмен ақша тапқысы келген келіншек жұмысқа жарамсыз екенін дәлелдейтін анықтама алып, мемлекеттен бір реттік әлеуметтік төлемге және босанғаннан кейінгі төлемге қол жеткізген. Осылайша, оның заңсыз әрекетінен Ақтөбе облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалына 1 миллион теңгеден астам материалдық шығын келтірген.

Алаяқ келіншек жұмыс берушісінен де алдап соғыпты. Жүктімін деген қызметкеріне ай сайын орташа жалақы мен сыйақы беріп отырған кәсіпорын 4 млн 280 мың теңгесінен қағылған. Ақыры айлакер келіншектің өтірігі әшкере болған. Ол қылмысын жасыру үшін жолдасымен жанжал кезінде дене жарақатын алып, түсік тастағанын айтады. Алайда Қарғалы қалалық ауруханасының қызметкерлері тексеру жүргізіп, жүктіліктің болмағанын анықтаған. Сөйтіп, олар полицияға хабар берген. Тергеу органдары келіншектің үстінен алаяқтық бабы бойынша қылмыстық іс қозғап, ол сотқа аяқтты. Сотта ол кінәсін мойындап, өзін қатаң жазаламауды сұрады.

Бұған дейін Ақтөбе қаласы Алматы ауданының проку-



роры Жасұлан Дәулетбаев қылмыстық істі тергеу кезінде тиісті тексерулер жүргізбей жұмысқа жарамсыздығы туралы анықтама берген дәрігерлердің әрекеті де тексерілетіндігін айтқан еді. Алайда сотта куә ретінде жауап берген медицина қызметкерлері ешқандай жалған құжат жасап, сыйақы алмағандарын айтқан. Ақтөбе қаласының №2 сотының судьясы Әлима Әділова келіншекті алаяқтық жасағаны үшін кінәлі деп тауып, 4 жыл 8 ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасын тағайындады. Сондай-ақ, ол жәбірленушілерге келген шығынды қайтаруы тиіс. Сот үкімі заңды күшіне енді.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА  
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

МӘСЕЛЕ

# ҚЫЗЫЛ СУ ҚЫР АСТЫНДА

**Көктем келісімен еліміздің барлық өңірінде Керіген қар мен жаңбыр суы жұртты өбігерге сала бастайды. Мемлекет басшысынан бастап Үкімет жетекшісіне дейін су тасқынына дайындық мәселесін жылда пысықтап жатқанымен, апаттық жағдай азаймауда.**

Қызыл судан зардап шеккен жұртты құтқаруға жыл сайын мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржының көлемі де аз емес. Айтып келмейтін апаттың бірі деп өзімізді қанша жұбатпауға тырысқанымызбен, оның жылда белгілі бір уақытта қайталанатынын білсек те қажетті деңгейде оған қам жасай алмай жүргенімізге қарап кейде Үкіметіміз осы қарғын суды қаржы игерудің бір көзіне айналдырып алған жоқ па деп ойлайсың. Мәселен, өткен сейсенбі күнгі Үкімет отырысында Экология, геология және табиғи ресурстар министрі су тасқыны кезеңіне дайындықты баяндады.

Серікқали Брекешевтің айтуынша, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Қарағанды және Қостанай облыстарында су тасқыны қаупі жоғары, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Павлодар, Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстары – қауіп орташа өңірлер болып отыр. Сонымен қатар, судың деңгейі жоғары қауіп бар өңірлер де анықталған. Олар: Алматы, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда, Ақтөбе және Атырау облыстары. Мәселен, Қырғыз-гидрометтің болжамы бойынша 2022 жылдың вегетациялық кезеңіне өзендердің сулылығы орташа көп жылдық мәндердің нормасынан төмен болады деп күтілуде. Ол Талас өзені бойынша – 30%, Шу өзені бойынша – 24% болмақ. Өзге деректер бойынша Сырдария өзені бассейндерінің сулылығы да нормадан

20-35%-ға төмен болады деп болжануда.

– «Қазгидромет» су тасқыны кезеңі бойынша негізгі болжамды наурыз айының басында ұсынады. Гидрометео жағдайдың күрт өзгеруі болған сәттерде, су тасқыны қаупінің туындауы туралы алдын ала 2-3 тәулік бұрын хабардар етеміз. Гидротехникалық құрылыстардың тасқын суларды өткізуге дайындығы бойынша министрлік жанында Су тасқыны алдын алу комиссиялары құрылды. Тәулік бойы кезекшілік пен су шаруашылығы жағдайына тұрақты мониторинг жүргізілуде, – деген Серікқали Аманғалиұлының сөзіне қарағанда төтенше жағдайға «Қазсушар» РМК аумақтық филиалдары бойынша 366 бірлік автокөлік және арнайы техника, 3 мың тонна ЖЖМ, 50 мың тоннадан астам инертті материалдар, 35 мыңнан астам қаптар жинақтау көлемі 42 млн текше метр болатын Алматы облысындағы Қызылағаш су қоймасы да бар. Биыл 6 су қоймасын қалпына келтіруді жоспарлап отырмыз. Қалған 19-ы 2025 жылдың соңына дейін қалпына келтіріледі, – деді С.Брекешев. Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің айтуынша, соңғы жылдардағы талдау су тасқыны табиғи жағдайларға ғана емес, сондай-ақ, антропогендік процестердің салдары болып табылатынын да көрсетті. Мәселен, жыл сайын су тасқыны



«Гидротехникалық құрылыстардың барлық меншік иелеріне тасқын суларды қауіпсіз өткізу және қажетті инертті материалдар мен техниканы дайындау үшін тиісті іс-шараларды жүргізу туралы ұсынымдар жіберілді. Су басу қаупін жою мақсатында министрлік 41 апаттық су қоймасы мен гидротехникалық құрылыстарды қайта жаңғыртуды жүргізуде. Соңғы 5 жылда 16 нысан қалпына келтірілді. Қайта жаңғыртылғандардың ішінде су жинақтау көлемі 42 млн текше метр болатын Алматы облысындағы Қызылағаш су қоймасы да бар. Биыл 6 су қоймасын қалпына келтіруді жоспарлап отырмыз. Қалған 19-ы 2025 жылдың соңына дейін қалпына келтіріледі, – деді С.Брекешев. Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің айтуынша, соңғы жылдардағы талдау су тасқыны табиғи жағдайларға ғана емес, сондай-ақ, антропогендік процестердің салдары болып табылатынын да көрсетті. Мәселен, жыл сайын су тасқыны

кезеңінде Ақмола облысының Аршалы және Целиноград аудандарындағы Есіл және Нұра өзендерінің арнасымен Астана су қоймасынан жіберу кезінде, арнаның өткізу қабілетінің болмауына байланысты іргелес аумақты су басу қаупі туындайды. Бұл жағдай Қарағанды (Нұра өзені), Солтүстік Қазақстан (Сілеті, Есіл өзендері) және Қостанай облыстары (Тобыл өзені) аумағында да орын алууда. Осыған байланысты әкімдіктерге: өткізу қабілетін арттыру мақсатында проблемалық учаскелердегі өзен арналарын тазартуды ұйымдастыру; коммуналдық меншіктегі гидротехникалық құрылыстардың жай-күйіне назар аудару; коммуналдық меншіктегі су қоймаларын тасқын

суларды қабылдауға дайындау қажет. Алайда мұның бәрі қалыпты жұмыс процесі және ол жергілікті әкімдіктердің жоғарыдан нұсқау күтпей-ақ жасайтын шаруасы екенін олардың есіне салатын ешкім болмай тұр. Табиғаттың өзі беріп отырған қар мен жаңбыр суын жинақтайтын су қоймаларын көбейту, оларды тиімді пайдалану жайын талқылап, одан қорытынды шығару әзірге Үкімет үшін өзектілігін жоғалтпай отыр. Министрдің өзі айтқандай, биыл Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстарының тауларындағы қар қорының деңгейі көпжылдық орташа мәннен төмен. Жалпы, ел аумағында қалыптасатын шығыс және оңтүстік өңірлердегі тау өзендерінің бассейндерінде су тасқыны жауын-шашын көп түскен жағдайда қауіп төндіретінін еске түсіретін болсақ, қыр астындағы қызыл суды апаттық жағдай тудырмай, ел игілігіне пайдалануда ғылым мен өндірістің әлеуетін біріктірмей, мәселе ешқашан шешілмейді.

**СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?**

**Болатхан МАХАТОВ,**  
ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,  
профессор, Моңғолия УҒА және ҚР Ауыл шаруашылығы ғылыми академиясының академигі:

– Қазақстан су тапшылығын сезінетін елдердің қатарына жатады. Өзендердің көбі сырттан келетін болған соң, су мәселесі бойынша көршілерімізге тәуелдіміз. Егер қар мен жаңбыр суын тиімді пайдаланатын болсақ, бұл мәселені біршама шешуге мүмкіндігіміз бар.

Жалпы, әрбір іс ғылыми түрде негізделіп жасалуы керек. Бірақ бізде бұл бағытта әлі күнге ғылыми-зерттеу институттарының әлеуеті толық пайдаланылмай келе жатыр. Ғылыми тұрғыдан бәрін қарастырып, соның жөнімен, жүйесімен жүретін болсақ тасқын суды да ел игілігіне жаратуға болады. Сондықтан, ештен кеш жақсы дегендей мемлекет гранттық байқау жариялап, Білім және ғылым; Ауыл шаруашылығы; Экология, геология және табиғи ресурстар мен өзге де министрліктерге қарасты ғылыми-зерттеу институттарының басын біріктіріп, ортақ бағдарлама жасайтын уақыт келді деп ойлаймын. Мысалы, Алматы қаласы мен оның төңірегіндегі елді мекендерде әрдайым еріген қар мен жаңбыр суы ысырап болып жатады. Оны зерттеп, мемлекеттік тұрғыдан күні бүгінге дейін тиыақты түрде бағдарлама жасап қарастырып ешкім жоқ.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

Өңір

**Алматы облысында 64 мың жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Ол энергетиканы дамыту саласына қатысты болуы мүмкін. Болашақта облыс толық энергетикалық тәуелсіздікке қол жеткізбек. Бұл туралы облыс әкімі Қанат Бозымбаев баспасөз мәслихатында мәлімдеді. Жиын барысында өңір басшысы көп мәселенің шетін шығарды, алдағы уақытта атқарылатын шаруалар ретіне тоқталды.**

## ЖЕТІСУДА ЖЕТІСТІКТЕР КӨП

«Елімізде бірнеше жылдан соң, энергия тапшылығы болуы мүмкін. Жыл сайын энергия көздерін қолдану артып келеді. Сондықтан, бізде энергия қоры болуы тиіс. Әрине, халықта «Чернобыль» оқиғасынан кейінгі қорқыныш әлі бар. Алайда, біз алға жылжуға тиіспіз. Мен қазір өңір басшысы ретінде станция салынатын орынды таңдауда көмектесуім керек. Станция Балқашта ма, әлде Ертісте салына ма, білмеймін. Алайда, біз бұл мәселеге өте мұқият келуіміз керек. Және бұған ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілуі тиіс», – деді әкім.

Көпшіліктің әлеуметтік мәселелерінің біріне айналған «Алтын Орда» базары да әкім назарынан тыс қалмады. Облыс басшысының айтуынша, алдағы уақытта базар қызметінің төңірегінде жинақталған проблемаларды шешу мақсатында барлық бағыттағы жұмыстар жүргізіледі. Құрылыс, санитарлық және салықтық бақылау артады. Нарық қызметін жеңілдету және ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында Іле ауданында А+класты автоматтандырылған логистикалық хаб салу облыс жоспарында екен.



«Логистикалық хабтың аумағы 200 мың шаршы метрді құрайды. Ол Қазақстандағы ең ірі кәсіпорындардың біріне айналады. Ол үшін 200 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартамыз, шамамен 1 500 жаңа жұмыс орны құрылады.

Жетісуда алдағы уақытта жалпы өңірлік өнімдегі туризмнің үлесі 6%-ға өседі. Дұрыс көзқараспен туризм саласын экономиканың толыққанды драйверіне айналдыруға болады. Басымдық Алматы тау кластерін, Алакөл және Балқаш жағалауларын, ұлттық табиғи саябақтардағы экологиялық туризмді дамытуға беріледі», – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімімен жүздесу барысында көтерілген мәселе көп. Жиын барысында айтылған өзекті мәселелер мен талқыланған тақырыптарға газет тілшісі алдағы номерлердің бірінде сараптамаға шолу жасайды. Өңір жаңалықтарынан хабардар болғыңыз келсе біздің газеттен қол үзбей, назарда ұстаңыздар.

**Ж. ҚУДАЙБЕРГЕН**

БАЗЫНА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет тек сол баяғы автокөлік жасаушы (жасаушы дегеннен көрі өтірік құрастырушылар деген дұрыс-ау) олигархтардың сойылын соғып отыр. Ол олигархтарға осы бизнесі үшін мемлекеттен алған миллиардтаған төмен пайыз несие-лері, жыл сайын алатын субсидиялары т.б. аз секілді. Демек, сол өтірік құрастырған көліктері халыққа қымбатқа сатылуы тиіс. Мысал үшін сол АҚШ-ға, Грузиядағы жаңа көліктердің бағасын қараңыз. Енді біздегі, өзімізде құрастырылған, яғни, арзан болуға тиіс (ешқайдан тасымалымыз, кеден алымдары жоқ, бөлшектері өзімізде өндіріледі, зауыт жұмысшылары АҚШ-тағы жұмысшыға қарағанда аз жалақы алады, тағысын

## УТИЛЬАЛЫМ – БЕЛГІЛІ БІР ДЕНГЕЙДЕГІ МАХИНАЦИЯ!

тағы) көліктің бағасын салыстырыңыз. Біздікі арзан емес, керісінше 2 есе қымбат. Бұл не үшін? Сол зауыт қожайынының қалтасын кампайта түсу үшін, эрине. Егер салондарда бағаны бірден осылай 2 есе қымбат қылып қойса халықтың бәрі арзан көлікті шетелден тасып әкелетіні түсінікті. Сосын бұлар экология, отандық тауар өндірушіні қорғау сияқты ертегіні ойлап тапты. Сөйтті де сол сатылған шенеуніктер арқылы қолдан келерліктер жасады. Ол сол (госпошлина), утильалым. Нәтижесінде көлікті шетелден әкелген құны өзіміздегіні алғаннан да қымбат болып кетті. Ал, оларға қерегі де осы.

Енді олардың қымбат көлігін алсаң да аласың, алмасаң да аласың. Жалпы, утильалым дегеннің өзі белгілі бір деңгейдегі махинация. Осы отыз жылда ескі көлігін далаға тастап не утилизацияға беріп жатқан кімді көрдіңіз? Іріп-шіріп біткен көлікті өзін қазақ қосалқы бөлшек қылып аларындарға, темір жинайтын далаға сатады. Мұндай болса утильалым дегенді мүлде алып тастау керек. Далада қалып шіріп, экологияны бүлдіріп жатқан көлік жоқ Қазақстанда. Ал, ескі көліктердің мәселесін нарық өзі-ақ шешіп алады (шешіп те алған).

**Ж. ЖӘНІБЕКҰЛЫ**

ТҮЙТКІЛІ

## АДАМ САУДАСЫ АСҚЫНЫП ТҰР

**Жалпы, адам саудасы (траффикинг) әлі күнге дейін өзектілігі жойылмаған жаһандық мәселе. Ол адамды пайдалану мақсатында сатып алу, сату, зорлық-зомбылық жасау, алдау, қорқыту және басқа да мәжбүрлеу әдістерін қамтиды.**

БҰҰ мәліметтері бойынша, әлемдегі траффикинг құрбандарының 70 пайыздан астамын әйелдер құрайды. Ал ондағы барлық құрбандардың үштен бірі балалар болып отыр. Адам саудасы әлемде қару-жарақ пен есірткіні сатудан кейінгі қылмыстық кіріс бойынша үшінші орында тұр. Бұл қылмыстық бизнестің әлемнің барлық мемлекеттеріне, оның ішінде Қазақстанға да әсері бар.

2019 жылы Қазақстан АҚШ Мемлекеттік департаментінің Адам саудасы туралы жыл сайынғы баяндамасында осы проблемаларды шешу үшін заңнамалық өзгерістер енгізу қажеттігіне байланысты екінші деңгейдегі бақылау тізіміне енді. Баяндама авторлары Қазақстанға позициясын жақсарту үшін 11 ұсыныс ұсынды. Ал 2020 жылғы пандемия кезінде «адам саудасы» бабы бойынша елде антирекорд орнатылды. Бас прокуратураның мәліметтеріне сәйкес, тіркелген қылмыстар саны өткен жылмен салыстырғанда 6 есеге артқан. Кінәлілердің барлығының дерлік орта немесе орта арнаулы білімі бар жұмыссыздар. Сол жылы Бахрейнде 20-дан астам қазақстандық азаматшаның сексуалдық құлдықтан босатылуы резонанс туғызды. Былтыр Қазақстанда адам саудасына байланысты 141 қылмыстық іс қозғалды. «11616» адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі жедел желінің деректері бойынша бірінші жартыжылдықта оларға 837 өтініш келіп тұрған.

«Social Development Center» қоғамдық қорының атқарушы директоры Біржан Қазтұрғановтың сөзіне қарағанда, 2018 жылы жарияланған ең соңғы адам саудасының ғаламдық индексіне Қазақстан 86-орынды алған болатын. Сондай-ақ, Еуропа мен Орталық Азиядағы 50 мемлекеттің арасында 25-орыннан көрінді. 2020 жылмен салыстырғанда былтыр елдегі адам саудасы біршама азайғанымен, мәселе әлі де өзектілігін жоймай отыр. Мәселен, 2021 жылы адам саудасына қатысты 60 адамның 56-сын Өзбекстаннан келген



мигранттар құрады. Ал биыл жыл басынан бері елімізде адам саудасының құрбаны болған 4 адамның екеуі Өзбекстан, екеуі Тәжікстан азаматы болып отыр. Ал «Родник» әлеуметтік-психологиялық оңалту және бейімдеу орталығы» қоғамдық қорының директоры Нина Балабаеваның айтуынша, олардың статистикасы бойынша 2005 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде Қазақстанда 588 кісі адам саудасының құрбаны болды. Оның 322-сі әйел, 266-ы еркек. Мәселен, биыл жыл басынан бері олар адам саудасының құрбаны болған 4 кісіні анықтап отыр. Қазақстанда адамдарды көбінесе жыныстық және еңбекке пайдалану мақсатында сатады. Олардың басым бөлігі Қазақстанға табыс табу үшін басқа елдерден келген мигранттар.

– Azattanu.kz ақпараттық ресурсы адам саудасына қарсы. Ол қазақ, орыс, қырғыз және өзбек тілдерінде жұмыс істейді. Сайттан қауіпсіз көші-қон, шетелде жұмыс істеу және адам құқықтары жөніндегі халықаралық ұйымдардың жадьнамаларын табуға болады. Жеке блок Қазақстандағы және әлемдегі адам саудасы мәселелері тақырыбындағы жаңалықтарға арналған. Ресурс үнемі өзекті ақпаратпен жанартылып отырады, – дейді Біржан Қазтұрғанов. Оның сөзіне қарағанда, сайттың маңызды бөлімі ретінде зардап шеккендер мен олардың жақындары үшін көмек ресурстары көрсетілген парақша болып саналады. Бұл бөлімде еліміздің әртүрлі өңірлерінде адам саудасының құрбаны болғандарға қосып көмек көрсететін үкіметтік емес ұйымдар мен дағдарыс орталықтарының байланыстары және мекенжайлары көрсетілген. Байланысуға арналған контакті формасы мен адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі жедел желінің қысқа нөмірі – «11616» ұсынылды.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**  
«Заң газеті»

МЕДИАЦИЯ

# «ДАУ МҰРАТЫ – БІТУ»

**Сот жүйесінде медиация институтын дамыту, дауларды сотқа дейін және соттан тыс реттеу институтының қолдану аясын кеңейту – татуластыру рәсімдерін, дауларды реттеу және азаматтардың бұзылған құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіру болып табылады.**



Солардың бірі, даулардың жекелеген санаттарын медиация тәртібімен сотқа дейін реттеу пилоттық жобасы. Аталмыш жобаның мақсаты – дау-жанжалдардың кейбір түрлерін медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді азаматтық сот ісіне енгізу. Пилоттық жобаның міндеттері – татуластыру рәсімдерін қолдану аясын кеңейту; азаматтардың сот шығындарын барынша азайту, халықтың соттан тыс дауды реттеу мүдделілігін анықтау.

Бабалардың «Дау мұраты – біту» деген нақыл сөзі дала заңының кайнар

көзі. Қазақ даласында даулардың барлық уақытта бітіммен аяқталуы билер тапқырлығының арқасы деуге болады.

Қазақ ықылым заманнан бері елдің ата-дәстүрін заңмен теңестіре құрметтеген. Елдегі тыныштық пен татулық, қоғамның жоғары деңгейде дамуы, халық санасының ізгілікті мұрат тұтуы, бітімгершілік заңдарының басымдық алуы, елдің жанарған дәстүрлерінің қылмыстық ахуалды сейілтуі, ұлттаралық татулық, ұлттық идеяны қалыңдата түсетін қоғамдағы шынайы ахуал.

Қаймағы бұзылмаған, халқымыздың

бірлігі жарасқан заманда, шыңыраулы түрме ұстамаған қазақ қоғамында неше түрлі даулы мәселелерді, екі ауыз сөзбен ғана шешкен аузы дуалы билер болғанын тарихтан жақсы білеміз.

Бүгінде билер дәстүрін ұлттық құндылық ретінде қарастырып жатырмыз. Дауды әділ қарау және келіспеушіліктерді шешудің жалпы жолдарын іздеу мақсатында сындарлы іс-қимыл жасау маңызды.

Еліміз егемендігін алған тұста дана билеріміздің ұстанған бітімгерлік мұраты қайта жаңғыруда. Оның айғағы ретінде, Амангелді аудандық сотындағы 2021 жылы қаралған істердің 43 пайызы, яғни 31 азаматтық іс медиация тәртібімен аяқталғанын айтуға болады.

Бүгінде медиация, татуластыру институттарының аясы кеңейді. Судьялар тараптарға қолданыстағы заң талаптарын, бітімгершілік рәсімдерді жан-жақты түсіндіреді. Тараптардың бірі дауды тек сотпен шешкісі келсе, енді бірі сот медиациясына немесе медиаторлар көмегіне жүгінеді. Кейбірі даудың партисипативтік тәсілмен, яғни, адвокаттар арқылы біткенін қалайды.

Шоқан Уәлиханов «Сот реформасы туралы» жазбасында билер сотының басты міндеті – «Жеңу не болмаса жеңілу емес – жеңілдету» деген екен.

Азаматтық процесстік кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, татуласу рәсімдері жүргізілген кезде талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады және сотқа дейінгі хаттама осы кодекстің 73-бабының бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес жасалған жағдайда, талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады деп көрсетілген.

Қазіргі уақытта татуласу, бітімгершілік рәсімінің аясын кеңейту, халықтың дауды сотқа дейін сотта татуласу арқылы шешуі қарқынды жалғасуда.

**Б.КАРЫБАЕВ,**  
Амангелді аудандық сотының төрағасы  
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

БІТІМ

**Құт дарып, қыдыр қонған қасиетті жеріміздің, қабырғалы жұртымыздың шаңырағын шайқалтпай, теңдік пен татулықты ту етіп ұстаған мемлекетіміздің іргесі сөгілмей осы күнге жеттік. Бұл еңселі ел болудың жолын шыңдаған, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құруға бағытталған жол.**

# БИЛІК АЙТУДЫҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІ

Әділетті қоғамның кепіліне айналған қазақстандық сот жүйесі де бүгінде көп жетістікке жетті. Кешегі дана билердің дәстүрін әлемдік тәжірибемен байыта отырып дамытқан сот билігінің адам танымастай өзгеруі де сол білікті мамандардың ұсынысы, ізденісі, еңбегінің жемісі.

Елімізде дауларды шешудің әдісі ретінде «Медиация туралы» заң қолданылып келеді. Ол заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан, сондай-ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында және де сотқа дейінгі дауларды шешуге, сонымен қатар атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар бойынша қолданылады. Әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың мүдделеріне қатысты, тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын дауларға, сыбайлас жемқорлық қылмыстар, мемлекеттік қызмет басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы істер бойынша қолданылмайды.

Қазақ халқы үшін бітім – билік айтудың ең озық өнегесі. Медиация туралы заңымыз аты бөлек болғанымен қазақ халқы үшін жат дүние емес. Халқымыздың дарабоз билерінің дәстүрлі билік жүргізу тәсілінің заңды жалғасы екендігін түсінгеніміз абзал.

**А.СЕРАЛИЕВ,**  
Қызылорда облыстық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

ЖЕГІҚҰРТ

# ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫ КЕСІЛУДЕ

Елімізде сыбайлас жемқорлықпен күрес жыл өткен сайын күшейіп келеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны қамтамасыз етуге бағдарланған, мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындайтын, сыбайластыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттік шаралар жүйесі де қалыптасқан.

Нақтылай түссек, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір мерзімге белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру аталған құқықтан өмір бойы айыруға ауыстырылды. Шартты түрде соттау шарасын қолдануға, тараптардың бітімге келуіне байланысты жауапкершіліктен босатуға, сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарын жасаған тұлғаларға кепіл белгілеуге тыйым салынды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы заң қабылданғаннан бері он екі жылдың ішінде жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге

асырылып, толықтырулар мен өзгертулер енгізілгені де мәлім. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілгендігі қоғамда, әлбетте сот жүйесінде де көрініуде. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің азаюы байқалады.

Пара беру мен пара алуды үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдайға жеткізіп, қоғамдық сананы қалыптастыру бағытында сот жүйесінде жұмыстар атқарылуда. Өркеніетті қоғам қалыптастыру жолында жемқорлықсыз қоғам құруға бағытталған жұмыстар өзіндік жемісін бергенше, күрес жалғаса береді.

**А.НАХИПБЕКОВА,**  
Алматы қаласы  
Медеу аудандық №2 сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы



МҰРАПАТ

# КІТАПХАНА МӘЛІМЕТКЕ БАЙ

**Езіміздің Отырар кітапханасынан бастап, өлемдегі ең танымал кітапханалар Швейцарияның Сен Галл абақтығының, Дублиннің Тринти, Праганың Страговск монастырінің, Йель университетінің кітапханалары адамзаттың құнды қазыналарының қатарына жатады.**

Соңғы жылдары еліміздегі цифрландыру саясаты біздің сот жүйесіне де қатысты. Қазір кез келген деңгейдегі соттарда өздерінің ведомстволық кітапханалары қалыптасып жатыр. Сонымен ведомстволық кітапханасы дегеніміз не? Заман талабына сай оның тигізер пайдасы қандай болмақ. Аудандық соттың ведомстволық кітапханасы жөніндегі қағидасы сот кітапханасының жалпы мақсатын, міндеттерін, құқықтарын, жауапкершілігін, аудандық сот кітапханасының жұмыс істеу тәртібін реттейді.

Аудандық соттың кітапханасы сот кеңесінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және сот төрелігінің сапасын жақсартуға, судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін көтеруге қызмет етеді, сондай-ақ, білім беру, рухани және зияткерлік кемелдену орталығы болып табылады.

Соттың жағдайына және оның ерекшелігіне қарай соттың кітапханасы туралы қағида әзірленеді, оны сот төраға-

сы бекітеді. Аудандық соттың кітапханасы үшін облыстық соттың кітапханасы әдістемелік орталық болып есептеледі. Кітапхана қорлары әдебиетгермен, мерзімді басылымдарға жазылумен және электронды құжаттармен жүйелі түрде толықтырылады. Жоғарғы Соттың жалпы отырысының нормативтік қаулыларының, судьялар съезінің, судьялар конференцияларының құжаттарын, жедел, өндірістік кеңестердің хаттамаларының, шолулар, қорытулар, талдаулар, көмек көрсету, тексеру материалдарының және өзге де ғылыми әрі практикалық маңызы бар материалдардың қағаз жүзіндегі және электронды нұсқасы жергілікті соттың кітапханасына ұдайы сақтау үшін беріледі.

Нормативтік құқықтық актілермен, заң әдебиетін пайдалану тәртібі судьялар мен сот қызметкерлерінің жұмыс істеу қағидаларымен айқындалады.

Елімізде қалыптасып жатқан заманауи технологиялар үрдісінен сот жүйесі де қалыс қалмауы керек, ендеше аудандық сотта да ведомстволық кітапхананы жасақтау, оның сақталуы мен дұрыс жүргізілуін қамтамасыз ету басты міндеттердің бірі болып табылады.

**А.ЖУМАШЕВА,**  
Алға аудандық сотының жетекші маманы  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ШКІР

**Ерте кезден-ақ даулы істерде төрелігін әділ айтқан көмеңгер ақылман-Еды жұрт арқасүйер панасы деп білген. Жуандардан өлімжеттік көрген жоқ-жітіктердің көңілін толтырып, мерейін өсіріп турасын айтқан төбе билерді – «Қарақылды қақ жарған», «Тура биде туған жоқ», «Аталар сөзі – ақылдың көзі», «Ақыл – сөзде, мейір – көзде» деп халқымыз өте қастерлеген, әділдігіне қарай хан ордасында оның орны белгіленген. Бүгінгі сот солардың жалғасы іспетті.**

Сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Елде соттың ерекше өкілеттілігін басқа органдарға беруді көздейтін заң актілерін шығаруға тыйым салынған. Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттілігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ.

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, Конституция,

зандарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де адамдардың Конституцияда және заңдарында көзделген құқықтарға, бостандықтар мен заңды мүдделерге нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез келген заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарынан сот арқылы қорғалуға кепілдік беріледі. Сот билігі азаматтық,

# ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ КЕПІЛІ

қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандары арқылы жүзеге асырылады.

Судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және заң бойынша жауаптылыққа әкеп соғады. Сотқа немесе судьяға құрметтеушілік білдіру заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. Сот актілері мен судьялардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі талаптарын барлық мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары, жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті. Сот актілері мен судьяның талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Судья ҚР Президентінің Жарлығымен тағайындалады, осындай мәртебеге ие болып отырған судья – мемлекет тірегі. Отанын сүйген ел алдындағы борышын сезінген судьялар ешқашан да

ар-ұяттан аттамайды. Ары таза судья – ол халық тірегі. Қазақтың «Тура биде туған жоқ» дегені бекер емес. Сондықтан да осы қағиданы әрбір судья берік ұстанғанда ғана халықтың сотқа деген сенімі ұлғая түседі. «Асыл міндет – адалдық, асыл қасиет – адамдық» демекші соттың ең басты және бір ғана міндеті сот төрелігін адал да, заңды түрде жүзеге асыру. Халықтың сотқа деген сенімін нығайту, сот жұмысының ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету үшін де бірқатар шаралар жасалғаны анық.

Сот жүйесі әділетті қоғамның кепілі екендігі – тәуелсіз еліміздің әрбір тұрғынының көкірегінде тұрады. Ергенге деген сенімін нығайтады.

**Ә.БОЛАТОВА,**  
Маңғыстау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының жетекші маманы

БАСТАМА

# ТЕХНОЛОГИЯ ТИМДІЛІГІН КӨРСЕТТІ

**Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты ақпараттық сервистерді дайындау барысында азаматтардың мүддесін ескере отырып, электронды технологиялардың халыққа қолайлы, ыңғайлы және қолжетімді болуына басымдық берді.**

Сот жүйесіне заманауи технологияларды енгізу сот ісін жүргізуді біршама жеңілдетті. Бүгінде сотқа ақпараттық технологиялар арқылы талап-арыздар мен шағымдарды беру, құжаттардың көшірмесін алу және іс материалдарымен танысу мүмкіндігін көздейтін электрондық сот төрелігі кеңінен қолданысқа ие. Бұл жаңашылдықтар құжаттарды қабылдаудан бастап сот төрелігін іске асырудың барлық кезеңін қамтиды. Сәйкесінше сот саласында процеске қатысушыларды SMS-хабарлама және электронды пошта арқылы хабарландыру жүйесі, «Сот құжаттарымен танысу», «Сот істерін қарау кестелері», «Сот кабинеті», «Сотқа шақыру қағаздары» сервистері белсенді қызмет етеді.

Қазіргі уақытта еліміздегі төтенше жағдай режиміне байланысты сот жүйесі толықтай онлайн режиміне көшті. Барлық талап арыздар, істер тек электронды түрде қабылданады. Сотқа жүгіну аса қажет болған кезде «Сот кабинеті» сервисі өте тиімді екенін атап өткен жөн. Аталған сервиске тіркелу үшін алдымен электрондық цифрлық қолтаңба болуы қажет. Жеке және заңды тұлғалар өздеріне қолайлы, кез келген уақытта үйден шықпай-ақ, онлайн режимінде

«Сот кабинеті» сервисіне электронды түрде талап арыз, шағым және сұранысын беріп, олардың орындалу барысын қадағалай алады. Сот отырыстары мобильді қосымшаларының көмегімен қашықтан қаралуда. «TrueConf» мобильді қосымшасын қолдану тәсілі өте қарапайым. Ол үшін «Playmarket» бағдарламасы арқылы аталған қосымшаны смартфонға жүктеп, сот отырысына қосылу үшін сот отырысының хатшысы берген сервер нөмірі, логин мен пароль болса жеткілікті. Ал, «WhatsApp» мо-

бильді қосымшасы халық арасында кеңінен қолданысқа ие, оның да сот отырыстарын қашықтан кедергісіз өткізуге септігі мол.

Елімізде төтенше жағдай жарияланғаннан бері Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты барлық істі онлайн режимінде қарап, сот отырысына қатысушылардың, сот қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басымдық берді. Негізгі мақсат – төтенше жағдай режимі кезінде азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғап, сот жүйесінің қолжетімділігін арттыру және заманауи технологияларды кеңінен пайдалана отырып, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге атсалысу.

Қорыта айтқанда, сот жүйесіне ақпараттық технологияларды енгізу өз тиімділігін көрсетті. Азаматтардың уақыты үнемделіп, сот қызметіне қолжетімділік еселене түсті. Бұл адамдардың салаға деген сенімін арттыруға ықпал етегі сөзсіз.

**Думан АЛИЕВ,  
Қызылорда облысының  
қылмыстық істер жөніндегі  
ауданаралық сотының судьясы**



ГАРАП

# МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ҚАҒИДАЛАРЫ ҚАНДАЙ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізілген өнім берушілер соттың оларды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап жиырма төрт ай бойы мемлекеттік сатып алуға қатысуға жіберілмейді. Сондай-ақ, өнім беруші міндеттерін орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда немесе міндеттемелерін толық орындамаса, мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының белгілі бір мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттенеді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының сомасы шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауы тиіс.

Ел үкіметі мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестік пен тең мүмкіндіктер беру мақсатында мемлекеттік сатып алу қағидаларын бекітті. Ашық ететін мемлекеттік сатып алу процесі жауапкершілік пен сыбайлас жемқорлық көріністерінің жолын кесуді арттырды. Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алуға қатысу арқылы инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу мүмкіндігі мол.

**Гауһар МЕТЕРКУЛОВА,  
Маңғыстау облысының мамандандырылған  
ауданаралық экономикалық сотының судьясы**

КӨКЕЙКЕСТІ

# БАЛАНЫҢ БАС ҰСТАЗЫ – АТА-АНАСЫ

**Бала тәрбиесі – бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның абыройы міндеті. Тәрбиедегі қасиеттер, адамгершілік құндылықтар отбасынан, мектептен, әлеуметтік ортадан бастау алады. Ата-аналардың жауапкершілігі туралы мәселенің көкейкесті болғаны соншалық, халықаралық деңгейге дейін көтеріліп отыр. Оны 1989 жылғы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған бала құқығы туралы Конвенция дәлелдейді.**



Әрбір ата-ана өз баласының саналы, мәдениетті, жүрген ортасында сүйкімді болуы үшін алдымен тәрбиені өзінен бастағаны жөн. Дегенмен, мұны көп адам білгенімен, іс жүзінде бұған немқұрайлы қарап, жұмысбасты екендігін алға тартып жатады.

Тіпті, өкінішке қарай, өз баласының тәрбиесін мұғалімге ысырып қоятын ата-аналар да жеткілікті. Бұл дұрыс емес.

Жастар арасында қылмыстың орын алуына отбасында берілген тәрбиенің әсері мол. Баласына көңіл

бөлмей, дұрыс тәрбие бере алмаған ата-ана кейін бармағын тістеп, өкініп жағайды. Бүгінгі таңдағы қоғамның алдында тұрған басты міндеттің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Жастар арасында көбіне ұрлық, тонау, бұзақылық, алаяқтық секілді қылмыс жиі кездеседі. Оған отбасындағы қолайсыз жағдай, сабаққа бармау, экономикалық жағдай, өздерінің құқықтарын дұрыс білмеуі түрткі болады.

Қазіргі таңда қыз балалардың да қылмыс жасауы жиі кездеседі. Сонымен қатар, заң бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдерге түнгі сағат 22.00-ден кейін компьютерлік клубтарда отыруға және түнгі сағат 23.00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынғанын біле тұра, бір жыл ішінде заң талаптарын қайта-қайта бұзып, сақтамай жүрген балалар бар. Оның жазасын кәмелетке толмаған баланың заңды өкілі мемлекетке айыппұл төлеумен өтейді. Балалардың құқықбұзушылыққа бой ұру мәселесі тек құқық қорғау органдарының ғана емес, ата-ананың, мектептің қадағалауында болуы тиіс.

**Алина АЙБЕК,  
Ақтөбе облысының кәмелетке  
толмағандардың істері жөніндегі  
мамандандырылған  
ауданаралық сотының  
жетекші маманы**

МЕЖЕ

**Сот – мемлекеттік биліктің бір тармағы. Елдегі әділеттің айнасы, ақ пен қараны ажыратушы. Ендеше «Соттың абыройы – Қазақстанның, жалпы еліміздің, биліктің абыройымен бірдей» деп дұрыс айтылған. Сот беделін нығайтуда судьялар съезінің маңызы зор. Бүгінге дейін съезд мінберінен көтерілген мәселелердің жерде қалғаны жоқ.**

# БҮГІНГІ СУДЬЯЛАР – КЕШЕГІ БИЛЕР

Мемлекет басшысы тікелей қатысатын жиында республикамыздың түкпір-түкпірінен келетін судьялар қауымы сот саласының ең өзекті, ең мәнді мәселелерін талқыға салады. Ең бастысы, көпшілік сараптауынан өткен тың жаңалық, толғақты мәселе ешқашан жабулы қазан күйінде қалмайды.

Мәселен, бүгінде бүкіл қазылардың арқа сүйер тірегі, сенімді серігіне айналған Судьялар одағының іргетасы 1996 жылдың желтоқсанында өткен бірінші съезде қаланған болатын. Содан бері қазылар арасындағы қоғамдық жұмыстардың жандануына, судьялардың біліктілігін арттырып, белсенділігін көтеруге игі ықпалын тигізіп келе жатқан бұл құрылымның беделі жоғары. Үнемі жаңа бастамалардың жарысы болып жүрген Судьялар одағынан қолдау күтеді.

Бүгінгі судьялар – кешегі билер. Қарап отырсақ, халқымыздың «Би бол, би болмасаң да би түсетін үй бол» деген нақыл сөзінен-ақ төрелік айтар тұлғаға қатысты құрметін аңғару қиын емес. Алайда, биін төбесіне көтерген елдің оның жеке басына қойған талабы да

осал емес. «Би төрттің құлы: адал еңбек, таза ниет, терең ой, әділдік». Халықтың биден күтетін ізгі қасиеттері осы болған. Ендеше, біздің де дала билерінің жолын жалғастырған судьяларға қояр талабымыз кем түспеуі, ең бастысы ол нақты әрі заңды болуы шарт. Алғашқы судья әдеби кодексің сол мүдделен, максаттан туған еңбек деп бағалауға болады.

Жалпы, судья өзгелерге заңды сыйлаудың, азаматтардың құқығы мен бостандығын қадірлеудің үлгісі бола білуі шарт. Судья заңды бұлжытпай орындап, ардан аттамаған жағдайда өзгелердің де құқықтық құжаттарға сенімі, құрметі артады. Бұған қоса, әрбір судья халықтың ожданы екенін, сондықтан судьяның абырой-беделіне нұқсан келтіретін және сот төрелігін жүзеге асыру кезінде оның объективтілігі мен бейтараптылығына күмән тудыратын жағдайлардың бәрінен өзін аулақ ұстауға тиіс.

**И.ДОСЕТОВ,  
Маңғыстау облысының  
қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған  
ауданаралық сотының төрағасы**

ПӘРМЕН

# АЛИМЕНТТЕН ЖАЛТАРУДЫҢ САЛДАРЫ АУЫР

Ажырасуға ниеттілердің көбеюі төленбеген алименттер санының артуына ықпал етті. Сондықтан құзырлы орындар алимент төлеушінің жауапкершілігін арттыру бағытындағы жұмыстарға көбірек көңіл бөліп, заңнамаларға да өзгерістер енгізуде. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді және қылмыстық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға сай елімізде алиментті төлеу тәртібі өзгерді.

Аталмыш заңдағы жаңашылдыққа орай жеке сот орындаушылары мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану мерзімін ұзарта алмайды, яғни, алиментті бірінші кезекте өндіріп алады. Бұрын кейбір жеке сот орындаушылардың мәжбүрлеп орындату шараларының қолдану мерзімін созуы жиі кездесетін. Сондықтан төленбеген алимент мөлшері көбейіп, борышкер әкелердің үстінен түскен шағым артты. Енді бір ай ішінде мәжбүрлеп орындату шараларын қабылдамаған жеке сот орындаушысы лицензиясынан айырылуы мүмкін. Жалпы, әкесі кәмелетке толмаған баласына ерікті түрде алимент төлеуден бас тартса, анасы алиментті мәжбүрлі түрде өндіріп алуға құқылы. Егер алимент төлеуге міндетті адам жұмыс істемейтін болса немесе оның жалақысы мен өзге де кірісін растайтын құжат ұсынылмаса, берешек мөлшері Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақының мөлшері негізге алынып отырып айқындалады.

Алимент төлеуден жалтарып жүргендерге мынадай мәжбүрлеу шаралары қолданылады: шоттары мен мүліктері бұғатталады, шетелге шығу құқынан айырылады, көлік құралдарын басқару құқығы шектеледі, сонымен қатар әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Қылмыстық кодекстің 139-бабына сәйкес, сот 600 сағатқа қоғамдық жұмысқа, екі жылға бас бостандығынан айыруға жаза тағайындауы мүмкін. Алдымен борышкерге айыппұл төлетіп, ескерту жасалады. Бұдан нәтиже шықпаса, қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Ары қарай, құқық қорғау органдарына хат жолданады. Одан соң қылмыстық жаза қарастырылуы мүмкін. Қылмыстық жаза үш ай алимент төлемегеннен кейін басталады. Көп жағдайда азаматтарымыз алимент төлеу ісіне үстірт қарайды. Мәселен, аяқ асты жұмыссыз қалса алимент төлеуді де қоя салады. Ал тиісті орындарды табысынан айырылғаны жөнінде дер кезінде құлақтандырса, болашақта өзіне кесірі тимейді. Негізі алимент төлеуші өміріндегі өзгерісі, табысынан айырылуы, жұмыссыз қалуы туралы сот орындаушысын дер кезінде хабардар етуі керек. Бұлай істемеген жағдайда ол адамға 10 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Бұл туралы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 671-бабында көрсетілген. Жалпы, заңға құлақ асып, соған сай әрекет етудің маңызы зор!

**А. НУГУМАНОВА,  
Алматы қалалық әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы**

ТАҒЫЛЫМ

# «ЖАСТА БЕРГЕН ТӘРБИЕ ЖАС ШЫБЫҚТЫ ИГЕНДЕЙ»

Отбасы құндылығы – мемлекеттің ұстанып отырған басты саясаты. Шаңырақтың үйлесімді дамуы мемлекеттің іргетасының берік болуына қызмет етеді. Отбасы – бұл сыйластық, жарастық орнаған орта, шағын мемлекет. Онда ертенгі елдің тұтқасын ұстайтын азамат тәрбиеленеді. Алайда, бүгінде түрлі себептермен шаңырақтар шайқалып, бала тағдыры мен тәрбиесіне өз деңгейінде көңіл бөлінбей жатқаны жасырын емес. Ата-бабамыз ерекше қастерлеген отбасылық құндылық тым төмендеп кетті.

Ажырасу үлкен мәселенің басы. Оның қоғамға да, адамға да зардабы көп. Шаңырақты шайқалтуға әкеп соғатын жағдайлардың бірі материалдық жетіспеушілік. Осындай себеппен отбасында шырғалаң туғанда үлкендердің жастарды қолдауы – зор көмек. Ажырасу баланың психикасына салмақ салады. Әр бала мінезін сай, ата-анасының екі жаққа бөлінуін

түрліше қабылдауы мүмкін. Кейбірі қасақана теріс жолға түсіп, қылмыс жасауға бейім. Бұл баланың «кек алудағы» бір тәсілі десек те болар. Күнделікті ұрыс-керістен шаршаған баланың өмірге қызығушылығы азаяды. Шындығында, ажырасу – өте қауіпті дерт. Ел боламыз десек, ең бірінші шағын мемлекетімізді түзеуіміз қажет. Дәм-тұзы жараспаған ерлі-зайыптылар екі бөлек кетсе де, бала тәрбиесі мен оны бағып-қағу ортақ болып қалады. Бұл жауапкершілікті бірігіп көтеретін азаматтардың қатары да сиреп бара жатыр. Ажырасуға бел бұғандар «Жаста берген тәрбие – жас шыбықты игендей» деген Ы.Алтынсариннің сөзін есте ұстап, баласы үшін асығыс шешімнен аулақ болса дейміз.

**Жанаргүл ҚОЛҒАНАТ,  
Қарақия ауданының сотының  
кеңес меңгерушісі  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ**

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

**Адамға қан құю, Аоған сәйкес келмейтін топтың қанын шатастырып құю ағза үшін ауыр зардаптарға, тіпті, өлімге әкелетін қиын жағдай екені көпшілікке белгілі. Қай елдің практикасында болсын, қан құярдың алдында әрдайым қан тазалығын тексеруден бөлек, оның ағзамен үйлесімділігін түбегейлі зерттеу де міндет. Осы және өзге мәселелер туралы біз Нұр-Сұлтан қаласындағы Ұлттық ғылыми онкологиялық орталықтағы Трансфузиология орталығының меңгерушісі Әсел Сәкеноваға бірнеше сауал қойдық.**



**Әсел СӘКЕНОВА, Ұлттық ғылыми онкологиялық орталығындағы Трансфузиология орталықтың меңгерушісі:**

## «БІЗДІҢ МІНДЕТ – ИММУНОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»

**– Әсел Серіктайқызы, реципиент деген түсінікке анықтама бере кетсеңіз?**  
– Медицина саласында реципиент деп донор қаны және оның компоненттері құйылған адамды айтады. Мәселен, біздің орталықта былтыр 1201 реципиент болды. Оның 565-і ер, 636-сы әйел адам. Олардың 792-сі онкогематология бөлімінің науқастары еді. Осы арада онкогематология бөлімінің науқастары қан және оның компоненттеріне тәуелді болғандықтан, бір науқас бірнеше рет реципиент болатынын да айта кеткен жөн шығар.  
**– Донор қанын құюға дайындық қалай жүреді?**  
– Операция жасаудың алдында донорлық қан компоненттерін немесе препараттарын құюға науқастың ақпараттандырылған ерікті келісімі немесе құюдан бас тартуы құжат түрінде рәсімделеді. Ол 2020 жылдың 7 шілдесінде қабылданған «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 7-бабының 31-тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен денсаулық сақтау саласындағы есепке алу және есеп беру құжаттамасының нысаны бойынша жүзеге асады.

Қан компоненттерін құю, құймау пациенттің өз еркінде. Бірақ, пациент немесе оның заңды өкілдері құюдан үзілді-кесілді бас тартқан жағдайда дәрігерлер пациент өмірін сақтап қалу үшін барлық балама әдістерді пайдаланады. Сондай-ақ, науқас немесе оның заңды өкілдері донорлық қан компоненттерін пайдаланған кезде күтілетін оң әсері, трансфузияның болжамды теріс салдары және емдеудің мүмкін болатын балама әдістері туралы хабардар болуы тиіс. Яғни, науқастың келісін алу мүмкіндігі болмаған жағдайда құжатпен рәсімделген шешімді дәрігерлік комиссия қабылдайды.  
**– Қан және оның компоненттерін құяр алдында сіздерге қандай талаптар қойылады?**  
– Құюды жүргізу туралы шешім қабылданғаннан кейін, осы шешімді қабылдауға негіз болатын зертханалық және клиникалық деректердің болуы шарт. Қан компоненттерін құюдан алдында реципиент АИТВ, В және С гепатиттері трансмиссиялық инфекциялар маркерлеріне тексерілуі тиіс. Емдеу аяқталғаннан кейін шығару эпикризінде АИТВ-ға, В және С гепатиттеріне тұрғылықты жері бой-

ынша қайта тексерілуінің қажеттігі көрсетіледі.

**– Қан құюға болмайтын жағдайлар бар ма?**  
– Әрине, өкпенің ісінуімен сүйемелденетін жүрек-өкпе жеткіліксіздігі гемотрансфузияға абсолюттік қарсы көрсеткіш болып табылады. Жаңа тромбоздар мен эмболиялар, ми қан айналымының ауыр бұзылыстары, жүректің ишемиялық ауруы, септикалық эндокардит, жүрек ақаулары, III дәрежедегі қан айналымының жеткіліксіздігі бар миокардит, III кезеңдегі гипертониялық аурулар, бауыр мен бүйректің ауыр функционалды бұзылулары, ауыр аллергиялық ауру (бронх демікпесі, поливалентті аллергия), туберкулездің ағымдағы және диссеминацияланған түрі, әсіресе, ревматикалық пурпура гемотрансфузияға салыстырмалы қарсы көрсеткіштер.  
**– Трансфузиядан кейінгі асқыну туындаған кездер болды ма?**  
– Жоқ, әзірге ондай асқынулар болған емес. Бүгінгі таңда трансфузиялық иммунологияның негізгі міндеті қан құюдың иммунологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қан қызметі бөлімінің имундық гематологиялық зертханасында: трансфузиядан кейінгі сарысу үлгісін гемолиз боялуын көзбен бағалау; реципиенттің және донордың АВ0, Rh, Kell-тиістілігін анықтау (трансфузия алдындағы және трансфузиядан кейінгі қан үлгілері); үйлесімділік сынамаларын жүргізу; аллоантитенелер скринингі сияқты әрекеттер орындалуы арқасында трансфузиологиялық көмектің сапасы әлдеқайда жоғары деңгейде болады.

**– Қан және оның компоненттеріне деген мұқтаждық бар ма?**  
– Қан және оның компоненттеріне деген мұқтаждық жоқ. Бірақ біздің онкогематология бөліміндегі науқастарымыз қан және оның компоненттеріне тәуелді екені ешкімге жасырын емес. Біздің негізгі мақсатымыз қанды және оның компоненттерін құю қажеттілігін төмендету. Бұрынғы жылдармен салыстырғанда қан компоненттеріне қажеттіліктің артуы онкологиялық көмектің қолжетімділігі мен сапасының жоғарылауымен және қатерлі ісіктерді ерте алдын алудың күшейтілуіне байланысты. Сонымен қатар, онкогематологиялық көмектің дамуы клиниканың тромбоциттерге қажеттілігін арттыруда.  
Қан және оның компоненттерін құю қағидаларын, көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштерін, оларды медициналық тәжірибеде қолдану әдістерін, қан құюдан кейінгі асқынулар мен реакциялардың алдын алу және емдеу әдістерін бақылау, трансфузиялық көмектің сапасын ғана емес, сонымен бірге жалпы ауруханада көрсететін медициналық көмектің сапасын да бағалауға мүмкіндік береді. Сондықтан, сапалы трансфузиологиялық көмек көрсету біздің ерқашан басты мақсатымыз болып қала береді.

**– Сұхбатыңызға рақмет.**  
Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

САНДЫҚ ФОРМАТ

**Бүгінде өлем елдерінің өмірінде цифрлық технологияның маңызы зор! Өркениет көшбасындағы мемлекеттердің барлығы дерлік сандық жүйеге көшкен. Біздің еліміз де соңғы жылдары бұл бағытта айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді.**

## ӨЛЕМДІК ДАМУДЫҢ АЙНАСЫ

Еліміз 2000 жылдардан бастап технологиялық процестерді автоматтандыруға күш салды. Кейін жаңа деңгейге көтерілу үшін жаңаша көзқарас пен жаңа әдістер, сондай-ақ, технологиялық өзгеріс қажет болды. Осылайша 10 жыл бұрын ақпараттық технологияларды мемлекеттік секторға ендіру жұмыстары сәтті басталып, халық оның игілігін көре бастады. Соның ішінде, кез келген қазақстандықтың үйде отырып құжат рәсімдеу, коммуналдық қызмет түрлерінің ақысын, салық, айыппұл, сақтандыру секілді қызмет түрлерін төлеуге мүмкіндігі туды.



Нәтижесінде 2017 жылы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Аталмыш бағдарлама еліміздегі цифрлық жүйенің дамуына одан әрі ықпал етті. Елімізде 3D принтинг, онлайн сауда, мобильді банкінг, цифрлық қызмет көрсету жүйелері айтарлықтай жолға қойылуда. Цифрлық технологияға көшу – ұзақ жылдарға созылатын процесс. Дегенмен, пандемия мемлекеттік қызмет көрсету саласының цифрлануын тездетті. Бүгінде цифрлық бағдарламалар барлық салаларда азды-көпті енгізілген. Мемлекеттік қызметтерді алу электронды жүйеге ойысқан. Соның ішінде цифрландыруға дер кезінде бет бұрып үлгерген еліміздің сот жүйесі пандемия кезінде онлайн сот отырыстарын өткізуге тез бейімделді.

Ал қазіргі таңда еліміздің соттары заманауи технологиялармен қарқынды жабықталып, сот жүйесін сандық жүйеге көшіру, сот процестеріне

қашықтан қатысу, IT құралдарды кеңінен қолдану жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бүгінде талап арыздар электронды форматта қабылданып, сот отырыстары түрлі бағдарлама көмегімен қашықтан үздіксіз өткізілуде. Тіпті, «Сот кабинеті» сервисінде онлайн-татуласудың жаңа функциясы енгізіліп, медиация рәсімін жүргізуге онлайн-өтінім жолдау және қажетті құжатты тіркеу мүмкіндігі қарастырылуда. Сот жұмысында адам фактор барынша азайтылып, сот жүйесінің азаматтар үшін ашықтығы қамтамасыз етілді. Кез келген іске қатысушылар сот отырысының хаттамасымен оның цифрлық көшірмелерін ала отырып таныса алады. Азаматтар сот шешімдерін де сот кабинетінен карап, көшірмесіне қол жеткізіп отыр. Мұның барлығы цифрлық жүйе жетістігі екені даусыз!

**Қ.МЕКЕМТАС,**  
Нұр-Сұлтан қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты төрағасының міндетін атқарушы

ҚАЗЫНА

## ТІЛ – ӨМІРШЕН

**Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту әлі де Мезінің өзектілігін жойған жоқ. Қай саланы алып қарасаңыз да, тіл – қарым-қатынас құралы, өткен мен бүгінді жалғастырушы. Тіл тамырының үзілмей, дәйегінің сарқылмай келе жатуы да оның үздіксіз қолданысқа еніп, қажеттілікке айнала алуында. Қазақ тілі осындай бабалар аманатының арқасында бүгінге жетті.**



**А.КЕЦЕС,**  
Ақтөбе қалалық сотының кеңсе бас маманы-сот отырысының хатшысы

Ендеше, оның халық мүддесіне бұдан кейін де қалтқысыз қызмет етуін қамтамасыз ету кез келгеніміздің абыройы міндетіміз. Мемлекеттік тіл аясы барлық салада күнделікті қолданыс тіліне айналуы қажет. Осы ретте, мемлекеттік тілді білмейінше мемлекеттік органдарда жұмыс істеу мүмкін еместігін бүгінгі тәжірибе дәлелдеді. Сот төрелігін жүзеге асыру, соттардағы іс-қағаздарының мемлекеттік тілде жүргізілуін қадағалау және сот

өндірісін мемлекеттік тілде өткізу – біздің аймақтық соттардың да азаматтық ұстанымы. Бұл мәселеде сот саласына енген соңғы жылдардағы елеулі жаңалықтар мен реформалар қазақ тілінің мәртебесін арттырды, қолданыс көлемін ұлғайтты. Сот ашықтығын алдыңғы басымдықтар қатарына шығара отырып, қарапайым азаматтардың мемлекеттік тілде ақпарат алу құқығына жағдай жасалды. Жаңарған сандық технологиялар сот жүйесіндегі электронды базалармен арыз-шағымдар түсіру, оларды қарастыру, жұмыстық кестелер мен азаматтарды қабылдау, олардың сұрақтарына жауап беру тәртібін, судьялардың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету процестерін де онлайн форматта мемлекеттік тілде алу мүмкіндігін ұсынды. Қазақ тілі кең көлемде қолданысқа ену арқылы мемлекеттік қызметтегі мәртебесін айқындады.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілді білмейтін қызметкердің бәсекеде бәсі төмен. Соттағы істердің мемлекеттік тілде қаралуы көрсеткішінің артылуы тіл мерейі өскенінің нақты мысалы. Қазіргі таңда сотқа келетін істердің көбі мемлекеттік тілде рәсімделеді. Бұл сот билігі беделінің, жұмыс сапасының артқанын көрсетеді. Қазақ халқының рухани негізі саналатын мемлекеттік тіл мәртебесі қай кезде де биік болуы тиіс. Тұғыры биік елдің – өрісі кең, тілі мәртебелі елдің – еңсесі тік.

ІЗГІЛІК

## КЕҢДІК пен КЕШІРІМ БЕЛГІСІ

**Азаматтық процестегі өзгерістердің бірі – Сотқа дейінгі хаттама институтын енгізу. Судья-бітімгер, оған талап қою келіп түскеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде туындаған құқықтық қатынастарды реттейтін құқық нормаларының жиынтығын тексереді және көрсетілген мерзімде талап қоюды қайтару не қабылдаудан бас тарту туралы мәселені шешеді.**

Татуластыру рәсімдерін жүргізу кезінде талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

АПК-нің 73-бабының 1, 2-бөліктеріне сәйкес, сотқа дейінгі хаттама жасалған жағдайда, талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Сотқа талап қою келіп түскен кезде татуластырушы судья келесі күннен кешіктірмей татуластыру рәсіміне қатысу үшін тараптарға шақыру мен сотқа дейінгі хаттаманың үлгісін жібереді. Онда тараптар өздерінің талаптарының немесе қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасағысы келетін тараптардың және іске қатысатын басқа да тұлғалардың ұсыну және дәлелдермен алмасу жөніндегі іс-әрекеттерін көрсетуге және іс сотқа қаралған жағдайда оларды пайдалануға құқылы.

Егер тараптар талап қоюды қабылдау сатысында татуласа алмаса, онда сот татуластырушы судьяның сотқа дейінгі хаттамасымен бірге істі мәні бойынша қарау үшін басқа судьяға тапсырады. Егер дәлелдемелерді ұсынған адамдар істі сот талқылауына дайындау сатысында ұсыну мүмкін еместігін негіздесе, дәлелдемелер сот талқылауы барысында да ұсынылуы мүмкін.

Осы кодекстің 404-бабының 2-бөлігінде көзделген жағдайда дәлелдемелер апелляциялық сатыдағы сотқа ұсынылуы мүмкін. Тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбауы осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсынуы жоққа шығарады.

Істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды сот тараптардың және іске қатысатын басқа да адамдардың талаптары мен қарсылықтары негізінде, қолданылуға жататын материалдық және процестік құқық нормаларын ескере отырып айқындайды. Азаматтық істі сот талқылауына дайындау барысында не осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген жағдайларда сот талқылауы барысында ашылған және сотқа дейінгі хаттамада көрсетілген дәлелдемелерге ғана сілтеме жасауға құқылы.

Осыған байланысты тараптарға сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы татуластыру рәсімдерін жүргізу барысында өздерінің талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін дәлелдемелер ұсынған жөн. Бұл оларға қарым-қатынасты сақтауға, моральдық және материалдық шығындарды азайтуға, дәлелдемелер мен дәлелдер алмасуға, сот талқылауының болжамды қорытындысын болжауға, дау бойынша ымыраға келуге, жанжалды сот дауларыңыз аяқтауға мүмкіндік береді.

Татуластырушы судьялар талаптарды АПК-нің 150-бабына сәйкес қабылдайды. АПК-нің 148-149-баптарына сәйкес келмейтін талап қою келіп түскен жағдайда, мұндай талап қою қайтарылуға жатады.

**Назым БЕКБАУОВА,**  
Күршім ауданы №2 сотының судьясы  
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

КОДЕКС

# ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ЖАҢА ЛЕП ӘКЕЛДІ

Жария-құқықтық даулардың қаралуы бұрын Азаматтық процесстік кодекс нормаларымен реттеліп келген болатын. Қазіргі күні мұндай даулар Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі негізінде әкімшілік соттармен қаралуда.

Жаңа кодексте әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады деп көрсетілген. Себебі, жария-құқықтық дауларда сотқа келген бір жағынан азамат, екінші жағынан әкімшілік орган немесе лауазымды тұлға болып табылатын екі тарапты тең деп айтуға болмайды. Мемлекеттік орган өзінің әкімшілік және адами ресурстарымен қарапайым азаматтан әлдеқайда басы-сым түсетіні белгілі. Сондықтан осы тараптар арасындағы теңдікті қамтамасыз ететін бұл қағидатты әкімшілік әділет институтын дамытудағы басты құралдардың бірі деп айтуға болады.

Белсенді рөл атқара отырып, судья сотқа қатысушылардың түсініктемелерімен, олар ұсынған дәлелдемелермен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді және өз бастамасы бойынша қосымша дәлелдемелерді жинай алады.

Азамат сотқа құқықтары мен заңды мүдделері бұзылғандықтан жүгінеді, алайда заң нормаларын толық меңгермегендіктен талапты нақты



қоймауы, жауапкерді дұрыс көрсетпеуі мүмкін. Мұндай жағдайда, судья тарапынан азаматқа құқықтық «көмек» көрсетіледі.

Сонымен қатар, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 16-бабының 2-бөлігіне сәйкес, судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айта алады.

Сот практикасы әкімшілік процеске қатысушыларға даулы қатынастарды реттейтін заң нормаларын түсіндірудің тараптарды татуластыруда өте маңызды рөл атқаратынын көрсетіп отыр.

Әкімшілік іс бойынша тараптардың бітімгершілікке келуімен аяқталатын істер санының артуы осыған дәлел. Осылайша сот практикасы әкімшілік сот ісін жүргізуде судьяның белсенді рөл танытуы азаматтар-

дың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруде маңызды орын алатынын көрсетіп отыр.

Жалпы, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген қағидаттар жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін толық іске асыруға, жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізуге бағытталған. Оның ішінде, соттың белсенді рөлі қағидатының іске асырылуы азамат пен мемлекет арасындағы теңдікті қалыптастыра отырып, еліміздің құқықтық жүйесін жаңа бір сатыға жоғарылатынына сенім мол.

**А.АБИЛГАЗИНА,**  
Ақтөбе облысының  
мамандандырылған  
ауданаралық әкімшілік  
сотының судьясы

МӘМІЛЕ

# ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМ НЕГІЗІ

Медиация дауды жеңілген тарап болмайтындей етіп реттеуге мүмкіндік береді. Жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы, қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы болып табылады.

Қазіргі уақытта сот органдарында дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімдер кенінен қолданылады, оларды кейіннен сот бекітеді.

Сот практикасында істі сот талқылауына дайындау процесінде, сот отырысында судья тараптарға құқықтарды түсіндіру кезінде олардың дауды медиация тәртібімен реттеу ниеті туралы пікірін анықтайды.

Медиацияны жүргізетін судья медиация өткізілетін күнді тағайындайды және тараптарға оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарлайды. Сотта медиация «Медиация туралы» заңға және АПК-де белгіленген ерекшеліктерге сәйкес жүргізіледі.

Тараптардың өтінішхаты бойынша сот медиация рәсімін кейінге қалдыруға және егер олардың қатысуы дауды реттеуге ықпал ететін болса, басқа адамдарды медиацияға шақыруға құқылы.

Егер дауды (жанжалды) медиация

тәртібімен реттеу туралы келісім сот актісін орындау сатысында жасалған жағдайда, ол сот актісі орындалатын жердегі бірінші сатыдағы сотқа немесе көрсетілген сот актісін қабылдаған сотқа бекітуге ұсынылады.

Кез келген дау кезінде медиаторды тартуға болады. Медиацияның артықшылығы – бұл тығырықтан шығудың жолын табуға мүмкіндік береді.

Татуластыру рәсімдерінің басты мақсаты – екі тарапты қанағаттандыратын және жанжал деңгейін төмендететін өзара тиімді және бейбіт келісімге қол жеткізу.

Сот ісінен айырмашылығы, дауды тараптардың татуласуымен реттеу кезінде «кінәлі» немесе «кінәсіз» тараптар болмайды. Өйткені, құқықтың осы саласының қағидаттары жауапкершілікке тартуды емес, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен қалпына келтіруді көздейді. Басқаша айтқанда, медиация істі мүмкіндігінше сотқа жеткізбеуге тырысады.

Оның тағы бір артықшылығы — уақытты үнемдеу. Сот бірнеше айға созылуы мүмкін мәселенің ұзақ шешімін болжайды. Сотта тараптар бір-біріне қарсы әрекет етеді, ал медиация кезінде — ынтымақтасады.

Судья тағайындалады, ал медиатор таңдалады.

**А.КАИМОЛДАЕВА,**  
Ақтөбе облысы, Хромтау аудандық  
сотының бас маманы

ТАРАТУ

2. «СиН-ТезА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БСН 120340014262 таратылғандығы туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Қазақстан Республикасы; Ақтөбе облысы Шалқар ауданы бойынша қабылданады. Шалқар қаласы Қарағұл Қонақбайұлы көшесі 60 пошта индексі 031200

3. ЖШС «МММ-2020» БСН 200240022346 өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Күнгей ықш. ауд. Ніл Мазитов көшесі, 44 үй, пошта индексі 100024.

4. «Нефромед» медициналық компаниясы» ЖШС, БСН 141240013198, өзінің ерікті түрде таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 77/7 үй, н.п. 14А, 15 қабат.

6. «Шекер»АӨК» өндірістік кооперативі өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Несие берушілердің талаптары осы хабарлама жарияланған кезден бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 120400, Қызылорда облысы, Әйтеке би кенті, К. Пірімов көшесі, 28-үй.

9. «Ақ-Қосай Мұнай» ЖШС (БСН 040740007584) өз еркімен таратылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Алматы қ., Достық даңғылы, 91/2, мекенжайы бойынша қабылданады, телефон: 87011119765.

11. ЖШС «Ломбард garand НҮРСӨТ», БСН: 090940001899, 08.12.2021ж. бастап, ломбардтық қызметін тоқтататынын хабарлайды. Өтініш-шағымдар хабарлама жарияланған күннен бастап, 2 ай мерзімде, келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті, Водник-2 ықшам ауданы, 55 үй, 12 кеңсе.

12. ЖШС «KZ LOMBARD7», БСН: 190240028707, 07.12.2021ж. бастап, ломбардтық қызметін тоқтататынын хабарлайды. Өтініш-шағымдар хабарлама жарияланған күннен бастап, 2 ай мерзімде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Бәйдібек би көшесі 38 үй

13. «Трон Capital» акционерлік қоғамы, БСН 210440031176 (050044, Алматы қаласы, Медеу ауданы, әл-Фараби даңғылы, 116 үй, 3 корпус) өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050044, Алматы қаласы, Медеу ауданы, әл-Фараби даңғылы, 116 үй, 3 корпус, 3 қабат. Тел.: 8727296555.

17. «OKT GROUP» ЖШС, БСН 180740015682 (Тіркеуші орган: Алматы облысы, Әділет департаментінің Қарасай ауданының Әділет

басқармасы, тіркеу күні: 16 шілде 2018 ж.) өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы обл., Қарасай ауданы, Жамбыл ауылдық округі, Жамбыл ауылы, Сұлутөбе көшесі, 23 үй, индекс 040914. Тел. 87473515132.

18. «Шункар» АШӨ кооперативі, БСН 170340013124, өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы обл., Ұйғыр ауданы, Сұңқар ауылы, А. Розыбакиев көшесі, 16 үй.

21. Алматы облысы Балқаш ауданы Ақдала селосында орналасқан «Ұлағат-К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің БСН 220140017210, (Д. Қонаев көшесі, сооружение 26, индекс 040301) жабылатындығын хабарлайды. ЖШС-ге байланысты барлық талап тілектер 2 ай ішінде қаралады.

ӨРТУРА

8. «Востокветмет» ЖШС қатысушыларының кезекті жалпы жиналысының өткізілетін туралы хабарлама  
«Востокветмет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Атқарушы органның мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов атындағы көше, 121) өз қатысушыларын Серіктестік Басқармасы шешімінің негізінде 2022 жылғы 29 наурызда 11 сағат 00 минутта Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов атындағы көше, 121 мекенжайында Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 44-бабына сәйкес, «Востокветмет» ЖШС қатысушыларының кезекті жалпы жиналысының өткізілетін туралы ескертті.  
Қатысушыларды тіркеу 2022 жылғы 29 наурызда көрсетілген мекенжайда 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүргізіледі.  
Жиналысқа қатысу құқығы бар қатысушылардың тізімі 2022 жылғы 28 наурыздан 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша жасалады.  
Жиналысты өткізу, сырттай дауыс беру тәртібі Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 47, 48-ші баптарымен реттеледі.  
Күн тәртібіндегі мәселелер:  
1. Серіктестіктің 2021 жылғы қаржылық есебін бекіту;  
2. «Востокветмет» ЖШС-нің қызметінің қорытындысы бойынша таза табысты бөлу;  
3. «Востокветмет» ЖШС-нің Атқарушы органның сайлау туралы;  
4. «Востокветмет» ЖШС-нің Бақылау кеңесін сайлау туралы;  
5. Бірінші жиналыста қворум жиналмауы себепті қайта жиналыс өткізу күні - 2022 жылғы 5 сәуір, 11 сағат 00 минут.

Серіктестік қатысушыларының кезекті жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпаратпен (материалдармен) «Востокветмет» ЖШС-нің Атқарушы органы орналасқан мекенжайда танысуға болады.

15. Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданының әкімдігі 2022 жылдың 8 ақпандағы №30 санды «Кейбір мемлекеттік мекемелерді қайта ұйымдастыру туралы» қаулысы негізінде «Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» мемлекеттік мекемесін оған «Түпқараған аудандық ауылшаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесін қосу жолымен «Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды.  
Осыған байланысты кредиторлық және дебиторлық өтініштері мен арыздары бар азаматтардың осы хабарландыру шыққан күннен бастап 2 ай мерзім ішінде төмендегі мекенжай бойынша хабарласуына болады.  
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласы Оңғалбайұлы көшесі №2 құрылыс.

15. Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданының әкімдігі 2022 жылдың 8 ақпандағы №30 санды «Кейбір мемлекеттік мекемелерді қайта ұйымдастыру туралы» қаулысы негізінде «Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» мемлекеттік мекемесін оған «Түпқараған аудандық ауылшаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесін қосу жолымен «Түпқараған аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды.  
Осыған байланысты кредиторлық және дебиторлық өтініштері мен арыздары бар азаматтардың осы хабарландыру шыққан күннен бастап 2 ай мерзім ішінде төмендегі мекенжай бойынша хабарласуына болады.  
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласы Оңғалбайұлы көшесі №2 құрылыс.

7. «Bluescreen.kz» ЖШС, БСН 181140000734, осы мекемеден алашақ қарыздары бар кісілер, фирма болса мына номерге хабарласыңыздар. Тел.: 8-777-059-77-77 Манарбаева Ж.

10. «ATAKENT PRODUCT TRANSCOM» БСН 970340000754, жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Тимирязев к-сі 42, 10 павильон, «С» блогы, 9 қабат, 906 кабинет.

14. ҚР, Түркістан облысы, Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар-Қызмет» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, БСН 870340000011, жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды (9 275 010,0 теңге). Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан обл., Отырар ауданы, Шәуілдір ауылы, Жібек Жолы даңғылы, 64.

20. «Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі» ММ, БСН 060240011954, «Түпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ, БСН 090240021035, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды. Наразылықтар хабарландыру жарық көргеннен бастап екі ай ішінде: 8 (72938) 22901 телефондары, Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласы Д.Тәжіұлы №13 үй мекенжайы бойынша қабылданады.

МҰРАҒЕРЛІК

16. 20.09.2021 жылы қайтыс болған Сыздықова Қыздарқұлдың; 10.12.2021 ж., қайтыс болған Әбдіразақұлы Мұбарактың; 23.11.2021 ж., қайтыс болған Мырзамуратов Пернебайдың және 9.12.2020 ж., қайтыс болған Қошқарбаева Раушанның аттарынан мұралық іс ашылғандығын хабарлаймын. Мұрагерлердің Түркістан қаласының нотариусы Балтабаева Алия Оралбаевна хабарласуын сұраймын. Нотариус кеңсесі Түркістан қаласы, Тауке хан даңғылы, №180 мекенжайда орналасқан. Хаб.тел.87718175589.

Солтүстік Қазақстан облысы сот жүйесінің судьялары мен ардагерлері Солтүстік Қазақстан облыстық сотының судьясы Мұрат Есләмғараұлы Мұқановқа әкесі

**Есләмғара МҰҚАНҰЛЫНЫҢ**  
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Атырау облысының судьялар корпусы ұжымы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы Ұлбосын Аждарқызы Сүлейменоваға әкесі

**Аждар НҮРЫМУЛЫНЫҢ**  
дүниеден өтуіне байланысты отбасына түскен ауыр қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIFOS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalyubayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Круцкая көшесі, 61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрсисыңұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-ai@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka\_94@mail.ru, Тел.: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселица Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Сол жылы Өскеменде қазан айы жайлы болды. Алтай аясындағы сұлу қаланың үстін үнемі басып тұратын көк түтін де сол күні сейіліп сала берді. Аластан мұнарта көрінетін Алтай таулары жақындай түскендей. Қала да еркін тыныс алып жатты.

Сағат тілі таңғы сегізге таяп қалған кезде Қабанбай батыр көшесінің бойындағы 93-үйдің ауласына су жаңа сұлу «Волга» сырғи келіп тоқтады. Көліктен шашын ақ шалса да, егделіктің ауылынан әлі алыстау, өңін бере қоймаған тартымды, бойшаң, қағілез қимылды ер адам түсіп, үйдің кіре беріс есігіне шалт адымдай беттеді.

Жүргізушінің көлікті өшірмегеніне қарағанда, келген кісі іште көп бөгелмейтін тәртізді. Расымен де, оның кіргенінен шыққаны жылдам болды.

«Волганың» есігіне енді қолын соза бергенде, шапшаң қимылды бөгде адам жанына тақап қалды. Бұған не керек деп аңтарылып қарап та үлгерген жоқ, бейтаныс оның маңдай тұсынан атты да, күрт бұрылып, қаша жөнелді.

«Волганың» жүргізушісі Серік көзді ашып-жұмғанша болған оқиғадан абыр-көп, сасып қалса да, тез есін жиып, киллердің соңынан жүргірді. Соңынан қуғын түскенін аңғарған «мерген» Серікті көздей екі-үш рет мылтық атты. Құлақ тұсынан зу-зу етіп ысылдай өткен оқтан жасқанған жүргізушінің одан ары қуғанға тәуекелі жетпеді.

Көлігіне қайта оралғанда, бастығының денесі сұп-суық еді. Серік қолма-қол полицияға қоңырау шалды.

\*\*\*

Өскеменнің полициясы оқиға болған жерге дереу жетті. Шығыс өңіріне есімі танымал азаматты халық абырой-ожданы кірмеген адам ретінде білетін. Елдің ең бірінші партиясының осы облыстағы филиалының комитет жетекшісі Владимир Пермяков бұған дейін облыстық Тәртіптік кеңесті басқарған. Қызметі шенеуніктердің арасындағы жемқорлықпен күреске бір табан жақын болғандықтан, полицияның да алғашқы тергеу қадамы осы бағытта жүре бастап еді.

Ел енді ғана қызу тіршілікке кіріскен ерте уақыт болғандықтан ба, бұл оқиғаның куәгерлері тым аз еді. Сол аз-маз дерекпен «жан алушының» фотобейнесі жасалды. Отыздан енді ғана асқан еуропалық нәсілді жігіт деген кескіндеме түзілді. Бірақ бұл тым мардымсыз дерек-тін. Өскеменде не көп, бойшаң да жас орыс нәсілді жігіттер көп. Бәрін бірдей тексеріп шығу мүмкін емес.

Айрықша маңызды істер жөніндегі жедел аға уәкіл, полковник Айдан Жанаев басқарма бастығының кабинетіне дереу жетті. Генерал Айданға отыр демеді. Оның тізе бүкпейтінін, тапсырманы терезенің алдында қасқайып тұрып тыңдайтынына үйренген. Айдан да генералды терең ойлап, суық ақилы мен көрегендігі үшін сыйлайтын.

– Солай, – деді генерал әдетінше терезеге жақын барып тұрған Жанаевқа қарай әңтеп бұрылып. – Президенттің өзі министрге қатаң тапсырыпты. Қылмыскерлердің ізін суытпай табу керек. Дегенмен... – деп сәл тосылып барып, сөзін қайта жалғайды:

– Менің көрі жүрегім сезеді, бұл жерде саясаттың иісі де аңқымайды. Ызасы өтіп кеткен шенеуніктердің бірі кек алды дейтін жорамал да көңіліме қонбайды. Бұл жерде мәселе басқа-а-а-а ма деп қорқамын, – деді «басқадасын» жорта созғандай болып.

Жанаев алғашқы тергеу сұрақтарының хаттамасымен жіті танысты. Әзірге жорамалдар әлсіз екенін сұңғыла полковник тез сезді. Тергелген адамдардың жауабы «көрген жоқпын, естіген жоқпын, білмеймін» көбірек саяды.

Тергеу басынан-ақ бір бағытты версия ұстанған. Партияның беделді қызметкерінің әлдебір шенеунікке тісі әбден батқаны анық. Сол белгісіз шенеуніктің жемқорлығын Пермяков білген. Ізіне от алып түскен. Аның шегінетін жері болмай, «жаналғыш» жалдаудан басқа амалы қалмаған. Қылмыскер марқұмның қолындағы портфеліне де тиіспеген. Яғни, басты мақсаты – оның көзін жою болған.

Жанаев партияның облыстағы басшысымен жеке жолығуды ұйғарды. Онымен

осы күнге дейін бетпе-бет кездесудің сәті түспепті. Бірақ теледидардан анда-санда жүзін көріп қалып жүретін. Енді міне, соның кабинетінде отыр. Паң, тәкаппар мінезді жетекші Жанаевқа салған жерден ұнамады.

– Мен не айтайын?! Өркім өзі үшін жауап беретін заман, – деді жетекші мұғтайым хәлде.


– Өркім өзі үшін дейсіз бе?! Сіздің өз-өзіңізді сақтау, қорғану тәсіліңіз керемет жетілген екен, – деді сөз ләмідегі

Ал Костя мұндай жағымсыз әдеттен әзірге ада, жаман аты шыға қоймаған. Бірақ артық азап көрмей, шіркін жылдам байысам деген арманның соңында жүрген жан.

Жанаев Метеляны да, Костяны да камераға жеке алдырып сөйлесті. Алдындағы адамның мінез-болмысына қарай бейімделіп, әңгімені де соған орай жүргізуді шебер меңгерген полковник екеуінің адымын аштырмады.

Алдымен Метеля «шағылды». Көзінен әжің-гүжің мінезі ап-анық көрініп тұр.

# АДАСҚАН



қысқыл мысқылды жасырмай, кекесінмен.

Полковник мұнда темекі тартпайтынын, темекінің иісін жақтырмайтынын түсінді. Бірақ мынау кер мінез қожайынның ерік-жігерін сындыру қажет болғандықтан, қалтасынан шылмымын алып жорта асықпай тұтатты. Бір қалыпқа үйреніп қалған шенеуніктің шекпеннен оны осылай босатпаса болмайтынын түсінді. Айттылар сөзден үнемі астарлы тұспал, ишара іздеп отыратын ескі мінез бұл жерде жұрмейтінін сезсін деп қасақана солай істеді.

– Мен жасырмаймын, қойған сауалыма дұрыс жауап алмай тынбайтын әдетім бар. Бұны жаман әдет дейсіз бе, әлде жақсы әдет дейсіз бе, өзіңіз бағалаңыз! – деп кесіп айтты.

Анау да ақымақ емес, бұның бұл тәсілін алыстан аңдады. Полковниктің тіке қойылған сауалдарына кісімісің, ашық жауап беруді оң санады. Партия филиалы кеңесінде өткен бір жарым сағаттың әңгімеден соң Пермяковтың өлімі оның кәсіби қызметіне еш қабыспайтынына Жанаевтың көзі әбден жетті. Дегенмен, әзірше бұл сұраққа біржақты жауап жоқ. Сондықтан оны әзір қозғамай қоя тұру керек деді бір ақылы.

Талассыз бір нәрсе – оқты кәсіпқой атқан. Бірақ та қылмыс керемет бір тәптіштелген даярлықсыз, кенеттен жасалғанын ішімен сезді.

Сол кеште Жанаев өзінің ас үйінде схема сызып, кесте жасап көп отырды. Әр оқиғаның арасынан логикалық байланыс іздейтін сақа тергеушінің бұл жойттың көңілінен шықпауы заңды еді. Бір жағынан, кездейсоқ сәйкестікке арқа сүйеу, тергеуге абырой әпермейді. Екінші жағынан, кейде өмірдің өзі де ебедейсіз сәйкестіктерден тұратынын жоққа шығаруға тағы да болмайды.

Тергеу тобын жедел өзіне шақырып, іздестіру бағытын дереу өзгертуге шешім қабылдады. Жанаевтың шұғыл шешімі бір жетіден кейін өз жемісін бере бастады. Бұны кездейсоқ сәйкестік десеңіз де, ебедейсіз сәйкестік десеңіз де, келеді.

\*\*\*

Анатолий Метелев пен Константин Колесник табиғатынан бөлек жандар-тұғын. Метеля – аты шыққан қанқұйлы қылмыскер. Соңғы жылдары ішімдікке әбден салынып, тіпті нашакор атана бастаған.

Паңсыңғаны да алдамшы. Жанаев оның ішек-қарын, қыл-қыбырын айнадағыдай көріп тұрды.

Сұрақты жанай қойды. Жанаевтың әңгімесінің бағытын күрт өзгерте қоятын тактикасы мұны жаңылдыра бастаған сынайлы. Көнігі Метеля Жанаевтың уысынан оңай шыға алмасын сезді. Метеляның маңдай үстінен әлдеқандай бір нүктеге тесіле қарап отырды.

– Шегінетін жерің жоқ. Біздің тілмен айтқанда, ендігін бос гильза. Жүз пайыз алыби тек қылмыскерде ғана болады. Демінді шығар, әйтпесе жарылып кетерсің! – деді Жанаев.

Қылмыс әлеміне түсінікті тілмен айттылар төте сөздерден кейін Метеляның астыңғы ерні салшып қалды.

Полковник оның қолтығынан демегендей ишара білдіргенімен, расында шынтағының жанды жерінен қатты қысып, құлағына сыбырай сөйледі:

– Кім атқанын білесің бе? Керемет математик атқан. Бірақ ол көбейту кестесін ұмытып қалған, – деп жұмбақтай сөйледі.

– Басеке, сіз мені бірденемен шатастырмақсыз ба, әлде шағыстырмақсыз ба, түсінбеймін... – деді мүләйім дауыспен Метеля.

– Бір астарлы, бірақ өрескелдеу әзіл бар. Құйрығына шикан шығып, дәрігерге келген адам не істейді? Дәрігерге сіз мұндай құйрықты бұрын-соңды көрген жоқсыз деп пәлсапа соғып отырмайды ғой. Шалбарын шешіп, онысын дәрігерге көрсетпей ме? Солай ғой?

Метеля да, Костя да оңай шағылды. Пермяковты қалай атып өлтіргендерін қаз-қалпында баяндады. Пистолетті қайдан сатып алғандарын, құрбандарын қалай аңдығандарын түгелдей тізіп берді.

\*\*\*

Генералдан қоңырау түн ортасы ауа келді.

– Не жаңалық? Қайдан іздеп жатырсыңдар? Қылмыскер кім?

– Шамамен білемін. Әлі ашылуға ерте-рек. Сәл шыданыз.

Жанаевтың текке сөйлемейтінін білетін генерал сәл тынышталған сынайлы. Ертеңінде полковник сыртта бір топ жігітпен алқа-қотан сөйлесіп тұр еді, сүліктей машина сырғи келіп тоқтаты. Көліктен түскен генерал:

– Неғы күбірлесіп тұрсыңдар? – деді бұлар жаққа бүкіл денесімен ошарыла бұрылып.

– Сіздің жүйкенізді ауыртпайық деп, – деді Жанаев.

Генерал жүр дегендей иек қақты.

Екеуі үстіге көтерілді. Қожайын кофеге тапсырыс берді. Жанаевтың ақ шала бастаған шашына қарап:

– Сен де қартайып деген екенсің, – деді.

– Баяғы сарыуайымшыл жас жігіт қазір жоқ. Сіздің алдыңызда тисқан сақа тергеуші тұр. Бірақ орден-медальдан жүрдай, – деп күлді Жанаев әдетінше терезенің алдында тысқа көз жүгіртіп тұрып. – Енді біраз уақыттан кейін ұрламайтын, ақша жемейтін, пара алмайтын адамдарға орден бере бастай ма деп қорқамын.

– Паракорлар жасаған тізім бойынша ма? – деп сөзбен шағып алды генерал. – Еңіреп жылайтын болсаң, тек менің кеудеме басынды салып қана жыла! Ал, баянда!

\*\*\*

– Бұлар кәдімгі кәсіби киллердей қалай маскировка жасау, қалай ату, қалай қашудың барлығын мұқият даярлаған. Костя бәрін тап-тұйнақтай әзірлегенімен де, тап мылтық кезейтін кезде жүйкесі сыр беріп, ...басқа адамды атқан, – деп бастады Айдан Жанаев.

Костя мұқым Өскеменге есімі белгілі кәсіпкер Владимир Елинді атып өлтіруі тиіс еді. Елин қаладағы ең бір танымал, кірісі де жақсы мейманхананың иесі болатын. Бір жақсы қасиеті – өзінде бармен көзге ұрып, артық мақтанды сүймейтін, қарапайымдылықты ұнататын жан. Керемет коттеджде емес, қатардағы көп ел сияқты, биік қабатты үйлердің біріндегі ескі қарапайым пәтерде тұратын.

Тергеуге шақырылған Елин ештеңеге танқалмады. Өзі де «Әй, осы біреулер атып кетпесе нығылсын?!...» деп іштей даярланып жүрген көрінеді. Тіпті, қауіп қай жақтан екенін де сезген. Ол – Дмитрий Баршин деген азамат.

Бұдан төрт жыл бұрын, 2007 жылы Баршин Елиннен кәсібіме саламын деп өте үлкен көлемде ақша алады. Баршиннің кәсіпкер ретіндегі атақ-даңқы, абыройына ешкім шәк келтіре алмайтын. Су асты-техникалық жұмыстарда қоштың басын бермей келе жатқан бірнеше компанияға иелік ететін азаматтың мүмкіндігіне кім күдік келтірсе?! Мемлекет суасты жұмыстарына тендер жариялаған кезде Баршин оны ұсынып шығарғысы келмеді. Бірақ та жүздеген миллиондық тендерді ұту үшін бұның арнайы жабдықталған үлкен кемесі болуы шарт. Ал ондай қораблдің бағасы өте қымбат! Төрт миллион доллар! Біршама дәулетті болғанымен де, ондай ақша Баршинде жоқ еді. Елинге шыққаны сол-тұғын.

Елин бұл жобаны барынша мұқият зерттеді. Былай қарағанда болашағы бар секілді. Егжей-тегжейлі ойланyp, толғана келе ол Баршин үшін банкке кепіл болуға даяр екенін айтты. Іс алға жылжыды. Есептен қателеспеген сияқты. Баршин тендерді ұтуын ұтып алды. Бірақ тексерушілер тексере келе, Баршин тарапынан бірнеше ереже, заң бұзушылықты байқады. Сондықтан, ұтылған тендердің құлшы жойылды. Баршин сонымен банктің алдындағы өз міндеттемелерін орындай алмайтын болып шықты. Банкирлер «әке-көкені» тыңдаған жоқ, кепіл болған кәсіпкердің есебінен төрт миллион доллар ақшаны шешіп алды.

Баршин не істеді? Әжептәуір салмақты кәсіпкер деген аты бар, Елинмен арадағы аздаған достығы бар, соның бәрін жоққа шығармас үшін, әріптесі Елиннің қойған шарттарының барлығына көніп, онымен ресми түрде қарыз шартын жасасты. Бұл соманың барлығын қысқа уақыттың ішінде түгелдей қайтарамын деп міндеттенді.

Кейін тергеу анықтағандай, Баршин, бәлкім, қарыз ақшаны иесіне қайтарғысы да келген. Бірақ ондай орасан көп ақшаны қайдан алады?! Соны білген Елин әріптесін сотқа берген.

Баршин компанияларының есептеріне тыйым салынса, бәрі бітті дей бер. Онда жәсібі құриды, Қаспий теңізінің жағалауында қалықтап бос тұрған кемесі де суға кетті дей бер. Кеме демекші, су бетіндегі алып «лайнердің» күтіміне көп ақша қажет еді. Сол күтім жасап жүрген адамдардың, күзеттің ақысы бар, пирсті жалға алу ақысы бар, қыруар сома! Соның барлығына күніне үш жүз мың теңге кетіп

жатты. 2008 жылдан бастап үш жыл бойы осылай шығынның астында қалды.

Кемені күтіп ұстауға осылайша маңайдағы дос-таныстарынан ақша аламын деп борышқа белшесінен батты. Басқа жол жоқ, қарыз беруші Елиннің көзін жоюды тұйықтан шығудың жалғыз жолы деп тапты.

Әрине, Баршин қолына мылтық алып, Елиннің көзін құрта алмайды. Сондықтан не істеу керек? Дұрыс, киллер жалдау керек! Баршин оларды Қарағандыдан тапты. Сол жақтан Влад Рыбин дегенді жолықтырды. Өзі бұрын сотты болған екен.

Қылмыскерлер ортасында Рыбиннің аты баяғыдан белгілі. Жанама аты – «Жалғыз көзді балықшы». Қатігездігімен, ешқандай қағидаға тоқталмайтын сусымна мінезімен, пара алмайтын адамдарға орден бере бастай ма деп қорқамын. – Парақорлар жасаған тізім бойынша ма? – деп сөзбен шағып алды генерал. – Еңіреп жылайтын болсаң, тек менің кеудеме басынды салып қана жыла! Ал, баянда!

Метелямен Балықшы кезінде бірге отырған. Алдыңғысының абақтыдан босап келгені жаңа еді. Ақша тым қажет. «Құланның қасуына мылтықтың басуы» деген. Алайда Метеля да қолын қанға былғағысы келмеді ме, басқа себеп пе, әйтеуір өз кезегінде Колесов деген танысын тапты. Бұл да қарыздан құтыла алмай жүрген бір кезбе болатын.

Дегенмен, «Балықшы» Метелев пен Колесовты толығымен өз еріктеріне жібере қоймады. Біраз бақылау жасауды жөн деп санады. Екеуіне уақытша тұратын баспана тапты. Астыларына көлік, қолдарына азды-көпті ақша ұстатты. Елинді сыртынан көрсетіп, әбден «таныстырды». Жұмыс орнын, жүретін жолдарын көрсетті.

Бұл екеуі құрбандарын бір-екі күн емес, бірнеше апта жақын зерттеді. Бірақ күн сайын арақ-шарапты молынан алдырып, мейрамханада да еркін қыдырды. Жәңіл жүрісті қыздарды да жатқан пәтерлеріне әкеліп тұрды. Бұлардың мына қылықтарына шыдамаған «Балықшы» бір күні кешкісін пәтерге келіп, енді бұлайша сөзге қажет емес дегенді бұйыра айтты. Оған Баршиннің «Бұл неғылған созылып кеткен іс! Енді қашан?!» деп тызақтағаны да себепші болды. Елин таяу уақытта шетелге қыдыруға кетеді, соған дейін оның көзі жойылуы тиіс.

Елин тұратын үйге Колесов таңертең ерте келіп жетті. Подъезден біршама қашықтықта тұрып, құрбанын асыға күтті. Абыржып, күйгелектенді. Бұрын-соңды тығылып тұрып кісі атпап еді.

«Айдалада атқан оқ, ажалдығы тиеді» деген осы. Сол күні таңертең Владимир Пермяков дәл осы үй, дәл осы кіре берісте тұратын танысына келе қалмасы бар ма! Ондағы бар ойы – Алматы түбіндегі бір демалыс үйіне жанұясымен барып демалуға жолдама алу еді. Өзі былайша да күйгелек хәлдегі Колесовтың көзіне Прокурор кәсіпкер Елин болып көрінді. Және де бұл екеуінің бойлары да, түр-бітімдері де өте ұқсас еді. «Ажал ажарына да қарамайды, базарына да қарамайды» деген.

\*\*\*

Тергеу жылдам аяқталды. 2012 жылдың наурыз айында өткен сотта Метелин мен Колесов бірі о бес, екіншісі жиырма жылға бас бостандықтарынан айырылды. Өскемен полициясы Рыбинді көп іздеді. Оны ақыры Ресейден тапты. Жалған төлқұжатпен тұрып келіпті. Бұл екі арада төрт жыл уақыт өтіп кеткен. «Жалғыз көз балықшы» Елинді атуды ұйымдастырғаны мойындалды. 2016 жылы ол да ұзақ мерзімге тұзеу мекемесіне жол тартты.

Ал бірақ «Балықшы» Елинді өлтіруге тапсырыс берген Дима Баршинді сапнады. «Белгісіз біреулер ертеректе атуға тапсырыс берген. Және де бұлар оны жай ғана қорқытпақ болған. Арты бұлай болады деп ойламаған». Соның «арқасында» Баршин Елиннің көзін жоюға берілген тапсырыстың негізгі иесі ретінде әлі күнге дейін жазаға тартылмаған. Өзі Ресейдің азаматтығын баяғыда алған. Ставрополь өлкесінде 2013 жылы ұсталған. Көп ұзамай босатылған. Бүгінде Мәскеу түбінде әйелі, қызымен аман-есен тұрып жатыр...

Сайлау ТӨЛЕУОВ СЕМЕЙ